

АКМЕШТ жастары

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 06 (491)
9 ақпан, 2023 жыл

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

– Мұқағали шығармашылығын жан-жақты зерттеуді, өлең, поэмаларын жаттауды қай уақыттан бері қолға алдыңыз? Ақын туындыларын таңдауыңызға не себеп болды?

– Бала кезімнен әдебиетті сүйіп өстім, оған басты себепкер әкем болса, одан кейін қазақ әдебиеті пәнінен сабақ беретін ұстазымның да үлесі бар. Мұқағали Мақатаевтың

«Мен өлең жазумен, өлең оқумен ауруымды емдеймін» деген екен. Маған ұнайтын ақынның «Жоқ, дәрігер» өлеңі де сол сәттерде жазылған болуы керек. Ал «Райымбек Райымбек» поэмасын оқығанда тарих беттерін Райымбек батырдың өмір сүрген жылдары мен еріптері туралы біраз іздендім.

– Өлең мен поэмаларды жаттауға қанша уақыт арнадыңыз?
– Мұқағалидың қай өлеңін алсақ та

Мұқағалидың өлеңін білмейтін қазақ кемде-кем. Себебі оның жанымен жазылған жырдың бәрі әр адамның жүрегіне жаттаулы. Көңілді қозғап, жүректі тәрбиетін ақынның шығармашылығы бүгінгі буын арасында да кеңінен насихатталып келеді. Мәселен, Б.Ермекев атындағы №271 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Балнұр Баймұрат ақынның өлеңдерін ғана емес, поэмаларын да жатқа біледі. Аңыз адамның шығармашылығымен етене таныс жас дарынмен осы аптада тілдескен едік.



«ІЗДЕНУЕ БІР АЙ УАҚЫТ
АРНАДЫМ»

өлеңдерінің тілі жеңіл, мағыналы әрі қарапайым. Сол үшін мұрала ақынның поэзиясын ерекше жақсы көремін. Әрбір өлең оқып, жаттап алдында шығарманың шығу тарихын білу мен үшін қызық болатын. 3 сыныпта оқып жүргенімде әкем «Мұқағалидың бір өлеңін жатта» деп тапсырма берді. Содан бір аптаның ішінде бірнеше өлеңді жаттап үлгердім және бұл әдет өзіме де ұнай бастады. Ал жоғары сыныпқа келгенде жетекшім Гүлмира Мінубекқызы тағымдық дүниелерді қолына алып, мәнерлеп оқуға машықтандырып, ақынның поэзиясын жаттатқыза бастады. Соның нәтижесінде дәстүрлі «Мұқағали Мақатаев оқулары – 2022» байқауының қалалық, облыстық кезеңдерінің жүлдегері атанып, республикалық кезеңде ақынның туған жері Қарасаға барып қайттым.

Ақын өлеңін тану барысында бұрын-соңды көпшілік естіген тың деректер болды ма? Ақын шығармашылығын сізге ұнаған туындылар жайлы айтып берсеңіз...

– Мұқағали Мақатаевтың туған күні 9 ақпан екенін біріміз білеміз. Алайда, шын туған күні 8 наурыз екенін кейін білдім. Бұл туралы ақынның келіні Батылхан Мақатаеваның журналистерге берген сұхбатын оқып, тән қалдым. Мұны тың дерек деп айтуға келмек, десек те, ақынның туған жеріне табан тірегенімізде көзін көрген жолдастары мен ауылдастарының естеліктері өз аузынан тыңдап, ерекше әсер алдым.

Ақынның туындыларын оқи отырып әрбір оқырман оның өмірбаянын көз алдынан өткізгі сөзсіз. Өмірінің соңғы жылдары жиі ауырып, емханаға түсіп жүргенінде сәл тауір бола бастаса, қолына қалам алып, өлең жазатын көрінеді. Сонда:

– Турагенттік ашу идеясы қалай келді?

– Өзім Қызылордадағы қазақ-түрік лицейінде оқып, білім алдым, бірнеше тіл меңгердім. Мектеп бітірген соң Алматыдағы СДУ-ға IT мамандығы бойынша грантка түстім. Оны тәмамдаған соң, бухгалтерия, IT, теңдер сынды бірнеше салада жұмыс істеп көрдім. Оқу орталығының жұмысында да тәжірибем бар. Осылай уақыт өте берді.

2020 жылы Стамбулға көшуе шешім қабылдадым. Неге дерсіз? Содан аз уақыт бұрын еуротур жасаған едім. Италия, Испания, Франция, Мальт аралдарында болып қайттым. Саяхаттау барысында шетелде өмір сүру туралы ой келді. Сондықтан өзімізге менталитеті жақын түріктің елдің астанасы ретінде осында келдім. Қыркүйек айында



барғандықтан, күн жылы болды. Күн сайын қыдыратынмын, жаңа жерлермен танысудан жалықпадым. Бірақ ауа райы салқын тартып, қыс болғанда жаңбыр, қар жауып, қолайсыздық туындады. Сол жағаты еуропалық компанияға бухгалтер болып орналасып, сонда да жұмыстан соң жаңа жерлерін аралайтынмын. Әр жаңа жерден фото, видеоконтентті инстаграм желісіне жүктеп отырамын. Осылайша аудитория жинала бастады. «Түр ұйымдастырыңызшы», «Түркияны сізден артық білетін жан жаз» деген сөйліз пікір көбейді. 2021 жылы тамыз айында алғаш рет Қазақстаннан Түркияға тур ұйымдастырдым. Turkish Airlines авиакомпаниясымен жұмыс істедім. Турагенттік бойынша тәжірибе жоқ еді. Ешкімнен курс алып оқымадым. Жақындарымнан кеңес сұрап, тәуекел деп бастап кеттім. Алғашқы тур жақсы өтті. Осылайша жыл мезгілдеріне қарай тұрақты түрде тур жасады. Наурыз айынан бастап қарашаға дейін айына 2 реттен ұйымдастырылуда. 1 топқа 10 адам ғана қабылданады. Авторлық тур жасап, келу-кетуіне, бір апталық демалысқа, қауіпсіздікке өзін жауап беретінін. Кейін турагенттік ашып, бұл жобаны кеңейтім келді. Ресми түрде агенттік ретінде тіркелген соң қазіргі таңда тек Түркияға емес, Араб емірліктеріне, Египет, Грузия, Тайландқа жеке турагентті сатылымға шығарудамыз. Турапакетте қонақ үй, келу-кетуі, баратын жерлер, тамақтануы ұйымдастырылады. Яғни, туристің қасында гід жүрмейді.

Түркі елінде орын алған жер сілкінісін салдарынан мыңдаған адам қаза тапты, ғимараттар қирады, қалалар құрдымға



ұшырауда. Қазіргі жағдай қандай?

– Иә, Түркияның отңтүстік-шығысындағы 10 қалада жер сілкінісі болды. 7,4 балдан жоғары көрсеткіште тұр. Өкінішке қарай адам шығыны көп. Қазір апат орын алған қалаларға басқа қаладан барып, ерікті ретінде көмектесіп жатқандар аз емес. Ең қажетті деген азық-түліктер жіберілуде. Ел Президенті Қасым Жомарт Тоқаев та бауырлас түрік ағайынға көмектесу мақсатында медицина мамандарын жіберіп жатыр. Әзербайжан, Еуропа елдері де көмектесуде. Түркияда қазір осы табиғи апаттан қаза болғандарды аза тұту үшін 7 күн жарияланды. Жұмыс орындары жабық, халықтың көңіл-күйі жоқ. Жағдай өте қиын. Материалдарды жағынан мемлекетке қанша шығын келгені әлі жарияланған жоқ.

– 2023 жылы қазақстандықтарға қай елге саяхаттаған дұрыс? Шетелге түрмен барудың артықшылығы неде?

– Қазақстан азаматтары ел айдан визасыз баратын елдерді қарастырады. Сол жағынан қарасақ, Түркия, БАӘ, Грузия,

Қазір үйден аттап баспай-ақ, әлеуметтік желіні бір шолып шықсаңыз, саяхатқа қызығатындар да, тиімді қызмет ұсынатын туристік агенттіктер де көп. Стамбулдың тұрғынына айналған Гүлтайым Сейітжанова – «Sazahatmood» турагенттігінің ұйымдастырушысы. Қызылордада туып, саяхат үшін қыр асқан көйпекімізбен саяхаттау тәжірибесі, турагенттіктің тиімді тұстары мен түріктердің түн ұйқысын бұзған жер сілкінісі жөнінде сұхбаттасқан едік.

ТҮРМЕН САЯХАТТАУДЫҢ ТИІМДІ МҰСЫ ҚОҢ

Әзербайжан, Египет елдері қазақстандық туристер үшін сұраным болып тұр. Тайландқа барудың шығыны көптеу. Бірақ бұл жақты да туристер жиі тандайды. Себебі табиғаты белек, экзотика бар. Түркия мен Дубайды көргендер басқа елдерге барғысы келеді.

Негізі саяхаттауды әдетке айналдырып, жылына бірнеше рет шетелге шығатындардың қайта-қайта барудан жалықпайтын жері – Түркияның Стамбул қаласы. Бізде көктем мен жаз айларында туристер көп болады. Қыста жоқ туретіндер аз еді. Биыл мұндағы мешіттерге кіруге кезекте тұрған

туристердің тобы еді жаздағандай. Шетелдіктер көп. Сайкесінше, кезек те артаң. Өрине, жыл сайын Түркияға келетіндер саны артпаса, азайған емес.

– Түрмен барудың артықшылығы неде?

– Мысалы, сіз шетелге 1 аптаға саяхаттауға шықтыңыз делік. Түрмен барсаңыз, сол жақтың тілін, дінін, халқының менталитетін

білетін, сұраныстағы әдемі жерлерді ұсынатын тіл жаңырызда жүреді. Тіптен сізге тіл білудің де керекі жоқ. Бұл – ең басты артықшылығы. Яғни, ештеңеге бас қатырмайсыз, аялаптарға алданамай деп қорықпайсыз. Әуежайдан түскеннен бастап қонақығы жеткенге дейін бір апта қыдырып, қайтадан ұшаққа мінгенше сіздің қауіпсіздігіңізге жауапты ардаңың маман болады. Туристер үшін қауіпсіздік бірінші орында.

– Жұмысыңызға рәқметті!

Сұхбаттасқан
Дина БӨКЕБАЙ

«КІТАП ҚҰРТТАРЫНА» – 4 ЖЫЛ

Қолыңдағы кітабың қандай болса, болашағың да сондай. Себебі адам өміріндегі жетістіктер – оқыған кітаптың, түгін ойдың жемісі. Қаладағы «Kitap Qurtary» кітап клубының 4 жылдық мерейтойы қызылордалық жастар мен оқырмандардың бұған бейжай қарамайтынын білдіреді.

Белсенді жас Талғат Мәдібаевтың бастамасымен құрылған кітапқұмарлар ортасының 4 жылдығына орай клуб мүшелері, Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебі және облыстық «Жастар ресурстық орталығының» бірлесе ұйымдастыруымен Қызылорда қаласындағы 10-11 сынып оқушылары арасында «KQ» – Kitap Qurtary Quiz» зияткерлік сайысы ұйымдастырылған болатын. Танымдық шараның ашылуына облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алимасбек Әбілқасымұлы арнайы қатысып, зияткер жастарға сәттілік тіледі. «Кітап құрттары» клубының 4 жылдығын атап өтіп, 5 жылға қарам басып жатқанымен құттықтаймын. Клубтың алғашқы құрамы әлі есімде. Бар-жоғы 7-ақ адам болатын. Қазір 200-ден аса кітапқұмар жан осы бастаманы қолдап, белсенді қатысуда. Оның ішінде өзіміздің өңір жастарынан Белек, Алматы, Астана. Атырау сынды аймақтардың азаматтары да қызығушылық танытып жүр. Осылайша


ұлтқа» айналуда септігін тигізіп келеді. Оқымаған адам ойланудан қалады. Ал ойланудан қалсақ өмір сүруден, дамудан жүз қадам кері шегінеміз. Сондықтан баршаның кітап оқуға шақырамын» – деді басқарма басшысы.

Айта кетейік, сайыс «2 сурет – 1 кітап», «Өлең әдебиеті», «Қазақ әдебиеті», «Кинопаз», «Оқуға тиісті 10 кітап» деп аталатын 4 кезеңнен тұрды. Озық ойлы оқушылар арасында интеллектуалдық ойындарды насихаттау, кітап оқу мәдениетінің маңызын түсіндіру мақсатында ұйымдастырылған байқауға қаладағы 34 білім ордасының оқушылары қатысып, өзара бақ сынады. Нәтижесінде жүлделі I орынды С.Лалин атындағы №261 орта мектеп құрамысы жеңіп алса,

II орын Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицей оқушыларына бұйырды.

Тәдік үшпекті С.Білікбаев атындағы №144 орта мектеп құрамысы қорытындылады. «Кітап құрттары» клубының құрылғанына 4 жыл уақыт аулап өтіп кетті. Алғаш рет кітап клубын ашу жайлы идеясын ұсынғанда Талғатқа қолдау көрсеттім. Жоқтан бар жасап, шағын ортаны үлкен клубқа айналдырып, көптеген жастың кітап оқуға себепкер болып жүрген де өзі. Өрине, күлді жұмысы туралы көп нәрсе айтуға болады. Бірақ біз дәлел жатқанын көріп отырмыз, тек алға дегім келеді», – деді Жасұлан Алдабергенов.

Интеллектуал оқушылардың арасында ұйымдастырылған көзі байқауы – клубтың бір ғана шарасы. Түрлі форматты, тың идеяларды жүзеге асырып жүрген кітапқұмарлар ортасы үшін мұндай ерекше жобалар таңсық емес. «Адамдар қымбат көпшілігі емес, кітап сөресімен мақтанса екен» деген ұстанымдағы Талғат Мәдібаевтың жобасы болашақта өркендей түсірсе, ортадағы оқырман саны артағанына сенім мол.



Аделина
МӘДІБАЕВНА

Апта басында жеңілдетілген автосение мәселесі халықты біраз алаңдатқаны бар. Арнайы сайтқа өтінім беруге асыққан тұрғындардың аптығы 18 секундта басылып, көпшілік дүдәмділ күйде қалғаны рас. Жобадағы бұл жаңсақтық көмшілік пе, артықшылық па?

Осы уақытқа дейін белгілі болған мәліметтер бойынша, арнайы сайтқа бір мезетте 125 мың қолданушы кірген. Алайда, берілетін несие саны мұншалықты көп адамға есептелмеген, бас-аяғы – 761 өтінім ғана. Содан болар, енді ерте отып, жылдамдықты талап еткен автосение тақырыбы бір минутқа жетпей тұам болды. Арада көп уақыт өтпей «Өнеркәсіпті дамыту қорының» баспасөз қызметі 18 секундтың ішінде-ақ кезекке тұрғандар толып қалып, өтініш беру аяқталғанын хабарлады.

Дүйім халықтың бұл жағдайға таң қалуы да, күмәнмен қарауы да орынды. Себебі, арнайы сайтқа тіркелудің бірнеше шарттары бар. Алдымен платформаны қолданушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы тіркелген соң «өтінім беру» бөлімінде «телефон нөмірі» тармағын толтырып, автомобиль құрастыратын кәсіпорынды таңдайды. Бірі бұл таңдау кезінде тапсырыс жасалғаннан кейін кәсіпорынды қайта өзгертуге мүмкіндік берілмеген. Осыдан соң өлік алуға ниетті адам шарт талаптармен танысып, келіскен жағдайда оферта шартымен «келісемін» батырмасын басып, ЭЦҚ арқылы өтініміне қол қояды. Осы шарттарды толық орындағаннан кейін платформада құжаттарды тексеру басталады. Қарап отырсаңыз, аталған шарттарды 18 секундта орындап шығу оңай шара емес.

– Жеңілдетілген автосениені көпшіліктің үлкен үмітпен күткені рас. Мындаған адамның бір мезгілде арнайы сайтқа өтінім беріп, жүйенің жарты минутқа жетпей

жұмысын тоқтатуы соған дәлел. Бірақ 18 секунд ішінде 760 адам тіркеліп үлгерді дегенге де сену қиын. Тіпті осы уақыт ішінде шарттарды толық орындап, тізімге ілікпеген адамдар да бар. Техника болған соң ақау болуы да ықтимал. Дегенмен бұл жағдай алдағы уақытта қайталанатын болса, жүйе жұмысына деген халықтың сенімі азаяды. Себебі бұл адамдарды

бәйгеге қосып, өбігерге түсіру деп түсінемін, – дейді қала тұрғыны Нұржан Еркінұлы.

Айта кетейік, автосениенің шарттары өзгеріссіз, яғни өтінім берген автокөліктің құны 15 млн теңгеден аспау керек. Қаржыландыру сомасы 10 млн теңгеден, мерзімі 7 жылдан аспауы қажет.

Бір қуантарлығы, енді ай сайын жүзден аса адам төрт пайыздық несиемен автокөлікті ала алады. Жоба жайлы баспасөз жиынында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Жанар Ибрашева бұл бастама әлі де жалғасатынын мәлімдеді.

«Негізгі сайтқа 1 миллионнан аса пайдаланушы кірді. Оның ішінде өтінім берген 125 мыңнан аса азамат тіркелді. Осы платформаға еліміздің барлық аймағынан өтініш түсті. Бағдарлама іске асырылғаннан бері осы уақытқа дейін жиналған қаражат 7,6 млрд теңге болды. Револьверлік механизм болғандықтан, жалпы

761 адам тіркеледі деп жоспарланған.

Бағдарлама ұзақмерзімді екенін атап өту керек. Келесі лимит алдағы айларда қолжетімді болады. Бүгін түрлі себепке байланысты кейбір азамат үлгермесе, келесі айларда тапсыруға мүмкіндік бар. Осы айда несиемен автокөлікті алу жұмыстары 60 күннің ішінде аяқталуға тиіс.

Бүгін платформаға тіркелгеннен кейін өтініш беруші автосалона және банкке барып, өз жұмыстарын жалғастырады. Осы платформа арқылы тіркелген азаматтарға 60 күннің ішінде автокөліппен қамтамасыз ету жоспарланп отыр», – дейді Ж.Ибрашева.

Алайда жауапты маман жеңілдетілген автосение ресімдеудің алғашқы легіне тіркелген 761 адамның кейбірін өтініші кері қайтарушы мүмкін екенін де ескертті. Себебі кейбір азаматтар жобаның шынайы жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін немесе қалай істеп тұрғанын тексеру үшін кірген болуы мүмкін екен.

«Кейбір адамдардың төлем қабілеті расталмауы мүмкін. Осы себепті кейбір азаматтардың өтінімі тіркелгеннен, несие ресімдеуден бас тартылуы ықтимал. Ондай адамдар несие алғандар тізіміне кірмейді. Яғни келесі айда платформа ашылғанда қайта кезекке тұра алады. Ал олардың орнына басқа өтінім алынбайды. Бұл келесі айда олар автоматты түрде ықтимал 100 адамның тізіміне кіреді деген сөз емес. Осы жолыдай қайтадан басынан бастап өтінім ресімдейді», – деді Ж.Ибрашева.

Елді елестірген жобада кемшіліктер болғанын «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Ринат Гаппаров та жоққа шығармады. Бір мезетте мындаған адам тіркелген соң жүйеде бірнеше олқылық болып, жаңылысқанын жасырмады.

«Біз бәрін өртерек ескерттік. Небәрі барлығы 761 орын болатынын 5 күн бұрын жарияладық. Өйткені барлығы 7,6 млрд теңге жиналды. Сәйкесінше, несиенің максимумды сомасы 10 млн теңге, бұл 761 орынға арналған. Қазақстандықтарға автосениелеу үшін бірнеше бірдей ақша беру мүмкін еместігін ескертті. Сондықтан 761-ші адамды тіркелген соң тетік белсенді болмай, қате деген белгі бере бастады. Бағдарламада нақтылық та болмады, біз қазір онымен жұмыс істейміз. Бұл ау бастан қанатқақты жоба болғандықтан барлық пікірлер мен ескертулерді ескеруіміз маңызды. Келесі жолы – наурыз айынан бастап ай сайын іске қосқан кезімде бәрін түзетіміз деп үміттенемін», – деді БАҚ-қа берген мәлімдемесінде.

Автокөлікті алуға ұмтылып, дегені болмаған халықтың әлі де жүйенің жөнге түсіп, көпшілікке қолжетімді боларынан үміті басым. Бір ағаттықтан соң көпшіліктің қайта орын алмайтынына біз де сенім білдірдік.

Е.ЕРТАЙҚЫЗЫ

МЫНДАҒАН АДАМ МЕРТ БОЛДЫ

Түркияның жер сілкінісі ошағы екені белгілі. Алайда ақпанның 6-сы күнгі дүмпу осы ғасырда Түркияда болғанаса ірі зілзала саналады. Бұған дейін Түркия Ішкі істер министрі Сүлейман Соилу 10 қаланың зардап шеккенін айтты, олардың қатарында Газиянтеп, Хакраманиарас, Хатай, Османли, Адияман, Малатия, Шанлыурфа, Адана, Диярбақыр және Килис шаһарлары бар. Апат пен төтенше жағдайларды басқару басқармасының (AFAD) хабарлауынша, Түркияның Сириямен шекаралас Хакраманиараш провинциясы жергілікті уақыт бойынша таңғы төрттер шамасында 7,6 балдық жер сілкінісінің ошағана айналды. Көп ұзамай Газиянтепте магнитудасы 6,8 баллатын тағы бір жер сілкінісі тіркелді. Жерасты дүмпулері жарты сағат ішінде әртүрлі аймақтарда, соның ішінде Түркияның астанасы Анкарада, Адана, Невшехир, Газиянтеп, Кайсери, Мерсин, Хатай өңірлерінде сезілді. Al Arabiya телеарнасының хабарлауынша, жер сілкінісі Ирак пен Ливанның кейбір аймақтарының тұрғындары да сезген. Сонымен қатар Израильде де жер асты дүмпулері байқалған. Түркия президенті Рехел Тайип Эрдоған оны «1939 жылдан кейін қайталанған аса ірі табиғи апат» деп атады. 12000 құрылыс нысаны жермен жексен болды. Өкінішке қарай Біріккен Ұлттар ұйымының Еуропадағы төтенше жағдай жөніндегі елшісі қаза тапқандар саны 20 мыңға дейін жетуі мүмкін екенін мәлімдеді. Қазір дерек бойынша көз жұмған тұрғындар саны 10000-ға жуық, 30-мыңнан аса адам ауыр жарақаттанған.

СЕЙСМОЛОГТАРДЫҢ БОЛЖАМЫ СИНОПТИКТЕРДІҢ БОЛЖАМЫМЕН ҰҚАС

Себебі екеуі де ықтималдықты алдыңғы орынға қояды. Алайда бұған дейін нидерландық сейсмолог Фрэнк Хогебичто апаттан үш күн бұрын Түркияда жойқын жер сілкінісі болатынын жазған. «Ерте ме, кеш пе, бұл аймақта (оңтүстік-орталық Түркия, Иордания, Сирия, Ливан) шамамен 7,5 балдық жер сілкінісі болады» деген зерттеуші 3 ақпанда Twitter парақшасында. Алайда сейсмолог көп ұзамай жазбасын өшіріп тастады.

Ал Ресей ғылым академиясы Жер сілкінісінің жүйелі теориясы және математикалық геофизика институтының директоры Петр Шебалин бірер күн бұрын мұндай дүмпу орын алатынын анықтау мүмкін емес екенін айтады. «Біздің институт Түркияда бес жыл бойы күшті жер сілкінісі болатынын болжаған, бірақ оның зардабы қаншалығы ауыр болатынын, соның 120 жылдағы эмпирикалық деректердің үлкен көлеміне қарамастан дәл әпицентрі, уақыт пен магнитуданы болжау қиын. Бес жыл бойы Түркияның бүкіл халқын эвакуациялау да қиынсыз еді» деп мәлімдеді.

ЗІЛЗАЛАНЫ БОЛЖАУ МҮМКІН БЕМ?

«Жаратқан, жер мен көктің иесі – өзіңсің. Зілзала, сел, от пен су апатынан сақтай ғер!» деп қайталап отыратын үлкендердің дұға-тілегінің мәнісін түсінгендейміз. Тамырлас Түрік елінде болған көшегі зілзала қабырғамызды қайыстырып кетті. Ресми статистиканы ақтарудың өзі қорқынышты...

Жалпы алғанда соңғы оқиғаға қатысты пікір сан алуан. «Қытай геологияларының соңғы теориясы дәл келді» дейтіндер де бар. Қытайлықтар планетаның әртүрлі бөліктеріндегі жер сілкінісін талдағаннан кейін жердің өзге тұтап, қазір керісінше айналады деген пікір айтқан болатын. Бұл орайда физика-математика ғылымдарының кандидаты Анна Люисина гипотеза шындыққа жанаспа, ол жер сілкіністеріне нақты болжам жасауға сеп болатынын айтады.

«Жер қойнауында болып жатқан барлық нәрсе жер қыртысында болып жатқан дүниеде көрінеді. Деген бойынша соңғы жер сілкінісінің экзотикалық теориясы микрояр деп аталатын әсер болды. Микрояр – жер серігінің апогейдегі орны, яғни орбитаның ең алыс нүктесі. 3 ақпанда ай жерден максимумды 400 мың шақырым қашықтықта жыйыды. Айдың ең жақын орналасуына әсері бірнеше ірі жер сілкінісімен, соның ішінде 2011 жылғы 11 наурыздағы Фукусимадағы апатпен байланысты және бұл теорияны жақтаушылар планетаның әлі де тағы бір ай шауқалатынын айтады. Келесі ай апогейі 3 наурызда болады деген болжам да бар» дейді ол.

ҚАЗАҚСТАННАН КӨМЕК ЖЕТТІ

Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дер кезінде Рехел Тайип Эрдоғанға көңіл айту жеделхатын жолдады. Сонымен қатар Президент Қазақстанның Түркияға тиісті көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді. Бұдан бөлек, Үкіметке 1 млн доллар бөлуді тапсырды. Қазақстандық еріктілер де іске кірісті. Қызылордалықтар да мті іске жұмылуға дайын. Жерлесіміз «Абай-Дәулет» ЖШС директорының орынбасары Марат Сәрсенбаев түрік еліне күйді үй жіберуге ниетті екенін айтты.

Қазір Сыртқы істер министрлігі мен Төтенше жағдайлар министрлігі түрік билігімен байланыс орнатты. Жақында Түркия Үкіметінің өтініші бойынша зардап шеккен өңірлерге қазақстандық құтқарушылар мен дәрігерлер ұшты. Себебі көмек қажет ететін адам санынан жаңылу оңай, зардап шеккендер қатары сәт сайын артауда. Мысалы, БАҚ-та бір ғана «Сиваспор» футбол клубының жаттықтырушысы Айхан Тенбелоглу отбасындағы 15 адамнан айрылғаны жайлы ақпар бар. Бүгін бір отбасы, жақынын іздеген жандардың жанайқайы жан жаралайды...

ДАЙЫНДЫҒЫМЫЗ ҚАЛАЙ?

Әлем елдері қазір «Түркиядағы жағдай бізде қайталана ма?» деген сұраққа жауап

іздеп отыр. Қытай сейсмологтары «Түркия

– Еуразияның батысына, біз – шығысына орналасқанбыз. Арамыз алыс. Бәрі бізге жетпей мүмкін» деген пікірде. Ал жер кіндігіне, Орта Азияға орналасқан біздің жағдай не болмақ?

Бұл ретте Төтенше жағдайлар министрлігі Сейсмология институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары, физика-математика

ғылымдарының кандидаты Нұрсәрсен Әзбеков Қазақстандағы сейсмикалық қауіпті аймақтарды атады. «Шығыс Қазақстан облысынан Қызылорда облысына дейін сейсмикалық қауіпті аймақтар бар, ол жерде дүмпулер 7-9 балға дейін жетуі мүмкін. Бәріне Алматы өңірі Орталық Азиядағы қауіпті аймақтардың бірі. Бұрын бұл жерде жойқын жер сілкінісі бірнеше рет болған. 1887 жылы Бернор жер сілкінісі және 1911 жылғы Кемін жер сілкінісі», – дейді сейсмолог.

Айтуынша, қазақстандық ғалымдар ел аумағындағы сейсмикалық қауіп бойынша жұмыс жүргізіп жатыр, сейсмикалық жағдайды көрсете отырып, қауіпті, сейсмикалық аймақтар бөлінген жалпы сейсмикалық аудандастыру, аймақтарға бөлу карталарын әзірлеуде. Мысалы, Алматы үшін микрорайондағы сейсмикалық дағдындады.

«Жалпы кейінгі бес жылда Қазақстанда сейсмикалық құрылыстарда 40 мыңға жуық жер сілкінісі тіркелген. Атап айтар болсам, 2018 жылы – 8500, 2019 жылы – 7800, 2020 жылы – 9500, 2021 жылы – 6700, 2022 жылы – 6900 жер сілкінісі болды. Бұл – сейсмикалық фон, геологиялық аймақтың сейсмикалық өмірі. Яғни бұл жалпы қатты байқалмайтын жер сілкіністері», – дейді Нұрсәрсен Әзбеков.

Сонымен қатар ол тұрғындар қатты сезген дүмпулердің болғанын да атап өтті. Соңғы бес жылда мұндай 66 жер сілкінісі байқалған. Мәселен, өткен жылдың 23 желтоқсанында Алматыдан 190 шақырым жерде, Қырғызстан мен Қытай шекарасында болған. Қалымын сөзінше, сейсмикалық жағдайға баға беру үшін Сейсмология институты әртүрлі мерзім бойынша болжам жасап отырады. Ол орта және қысқа мерзімді болжам деп екі бөлінеді.

Айта кету керек, ғылыми тілде жер сілкінісінің әрбір қозғалысының атауы бар. Жер қыртысының тереңдігі, өңі, төртбеліс қуаты, ырғалу амплитудасы барлығы дәл сипатталады. Мұның барлығы картада көрсетілген. Сондықтан маман құрылыс компаниялары мен жергілікті билік бұл талаптарға бірінші кезекте назар аударғаны дұрыс деп есептейтінін жасырмайды. Ал бұл қаперге алатын дүние...

М.СНАДИН

— Жақында нәрестелі болдыңыз. Бауы берік болсын! Алғашқы сауалды келіншегіңізбен қалай танысқаныңыздан бастасақ...



сөзін екі етпеуге тырысамын. Қазір әкем Арал ауданы, Қызылжар ауылында тұрады. Есімі — Әділжан Абабкіров. Анамның есімі — Қарлығаш. Мен де көпбалалы отбасының тұңғышымын. Бірақ, ата-әженің төрбесінде болдым.

Сұрағыңыз орынды. Қазір қызымезді жігіттер көбейіп кетті. Мұның бәрі азаматтық

Айдар Әділжанұлы — алдыңғы буының ізін жалғасқан талантты ақын. Республикалық «Ұстаз мәртебесі» газеті мен «Әлімсақ» журналының жауапты хатшысы қызметін атқарады. Жеткен жетістігі бір төбе. Кейіпкеріміз — қаламгер Сағитжан Бермағамбетов атындағы жастар сыйлығының, «Сыр үміті» сыйлығының иегері. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қоғамдағы белсенділігінен бөлек, Айдар — көпбалалы әке.



— Келіншегімнің есімі — Арайлым. Жақында дүниеге төртінші сәбімізді әкеліп, туған күнінде ерекше сыйлық жасады. Төбем көкке жеткендей қуанғаным рас. Қазақ бала мен малдың санын айтап дейді ғой. Бірақ, мен қуанышты бөліссен көбейеді деп есептеймін. Есімін Айәліп деп қойдым.

Арайлыммен М.Маметова атындағы гуманитарлық-жоғары колледжіде оқып жүргенімде танысқан болатымын. Оны ең алғаш 18 жасымда көрдім. Мен осы оқу орнының жатақханасында жаттым. Оқу ғимаратымен жапарлас болғанын, аулада жиі жүремсі. Сол кезде сұрттай көріп, ұнапты жүретінім. Бір күні Арайлымның ұялы телефонның тарбие бөлімінің басышы алып қойыпты. Ол кезде телефонмен сабаққа келуге тыйым салынып. Ал, мен ол кісімен өте жақсы болдым.

Өйткені, колледжіңді белсенді студенті тұрғым. Арайлымның құрбы қыздары «Айдарға барсаң, телефонды алып берелі» деп маған қарай жөн сілтеп жіберіпті. Сол кезде оның қалауын орындап, телефонның алып беріп, немірім алып қалған болатымын. Осылай тіл табысып кеттік.

— «Көпбалалы ана» деп жатамыз, бірақ «көпбалалы әкелерге» тоқтала қоймаймыз. Сіздің ше қазір бала төрбесіндегі әкенің рөлі қандай?

— Әкенің сөзі — «оқ». Сол үшін «ақсар тауымының»

тәрбиенің жоқтығынан.

Баланың бойындағы ер. Бір мезгілдік, өкпелілік, мәрттік қасиеттер әке арқылы қалыптасады. Әкенің бойындағы қасиет балаға «жуғады». Қазір балабақшадағы, мектептегі, университеттегі тәрбие әйел адамдардың қолында екені де жасырын емес. Әсіресе, осы кезеңде әкенің тәрбиеге араласуы өте маңызды. Қарапайым ғана шеге қағу, балға ұстау, шұрып бұрау, ат міну, аяқ киім тігу, электр тоғын жағуға сынды әйелдің шамасы келмейтін шаруаларға баулу да әке мойнына артылған. Әке тәрбиесін көрмеген бала ертең балға сұраса, ара әкелуі мүмкін. Баланы өзімен бірге ертіп жүру, шамасы жетпейтін шаруа болса да жай ғана қарап тұруға қалдыру, көлік жүгүзу, анасы мен қарындасарына ауыр заттарды көтертпеуге үйрету — ертеңгі күні жеміс беретін өнеге.

— Үйлену оңай, үй болу қиын деген бар...

Жаңадан мақала жазған болатымын. «Жастар үй болып кету үшін үйлі болу керек» деп. Менің ойымша көп отбасылардың бұзылуы, шаңырақ шайқалуы осы материалдық жағдайға тіреледі. Мен де жалдамалы пәтерде тұрамын. Жеті жыл болыпты. Бірақ, келіншегім екеуіміз балалар үшін, болашағымыз үшін туындаған көптеген мәселелерді ұшықтырмауға тырысамыз. Алға қарай ұмтылып келеміз. Бүгінде ел арасында айтылып, жазылып жүрген

мәселенің бірі — жастардың ой-санасындағы сезімге, махаббатқа деген көзқарастың өзгергендігі. Менің ойымша, мұны жоққа шығару мүмкін емес. Өйткені — махаббаттың мәлдірі таза күйінде өмір сүруіне әлеуметтік жағдай ырық бермейді.

Расымен де, үйленудің өзі арзанға түспейді. Ата-ана қарызданып, бар-жоғын, тый-жасайды. Десе де, үйленуге жастар жағы асқан бір жауапкершілікпен қарап, өмірдегі маңызды қадамды мың ойлап, жүз толғанып барып

көштеміз. Қазір махаббаттан парасатқа ауысатын, өтпелі уақытта жүрген секілдіміз.

— Адам атақты болу үшін тұмайды, дегенмен атақты ешкім жек көрмейді. Атаққа қаншалықты құмарсыз?

— Берген емес маған атақ, бермейді, Күндейді ғой, жүндейді ғой мендейді. Ертең менің атымдағы сыйлыққа, Таласарын түсіңісі келмейді.

Өлеңімнің өлмейтіні жақында,

атам «тұңғыш шөберем» деп өзі «Ерке» қойды. Үлкенімнің тұсауын өзімнің рухани құбылған болып жүрген ағам Нұрлан Нұрмаханов кесті. Қызығы, қызымның тұсауы Қамбаш көлінің жағасында кесіліп, Ерке сол бойы қадам басып кеткен болатын. Ал, екінші балам Айдыңның атын өзім қойдым. Есімі «Кай»-дан басталсын, теңізден шыққанына да ұялтайлық деген оймен. Теңіздегі айдыңның бетінен шағала балық ала майтай ең мәлдір және терең тұсы екен. Осы оймен ырымдап

Айдар САЙЛАУОВ, «Ұстаз мәртебесі» газетінің жауапты хатшысы:

АЙӘДІП — ТУҒАН КҮНІМЕ ТОСЫН СЫЙ БОЛДЫ

Қам жемесін жақыным да, жатым да. Қазақтағы сыйлықтардың көбісі, Сыйлық алмай кеткендердің атында, —

деп Қаныбек Қасымханұлы айтқан еді. Өйткенмен, атақты кім жек көрсін. Берсе ала беремін. Бірмәрте, әлдемілер секілді есік жағалап, аға аралап, атақ сұрауды жат көремін. Бір оқырман есіміме «ақын» деп айдар тақса, сол үлкен қуаныш.

Танымалдық ол басқа қонатын бақ қой. «Біреуге бақ ауып қонады. Біреуге бақ тауып қонады. Ауып қонған бақ адамды бір уақытта өшіреді, ал тауып қонған бақ адамды әрдайым өсіреді» демедей ме?! Мен осы тәмсілге сенемін.

Баланың болашақта кім болатынын, қандай мамандық таңдайтынына көбіне ата-ана шешеді. Осыған қатысты ойыңызды білсек...

— «Алма алма ағашынан алыс түспейді». Әкем — Арал теңізінде балықшы болған жан. Десек те, өлең қан арқылы қонған секілді. Өйткені, мен Қыз Жібектің әкесі Сырлыбай бидің онының ұрпағымын. Біздің руда аяқтығы жол, ауыздығы сөз бермеген ерелі бабалар көп болған.

Сол үшін де ұл-қызым да осы руханият саласынан алыс кетпейтүі мүмкін. Ал, ғайыптан таылып өзге салаға құмары ашылып тұрса, болатын баланың бетінен қақпаймын.

— Жоғарыда бала тәрбиесіне тоқталдық. Енді салт-дәстүрге ойыссақ. Ат қою, тұсау кесуге қаншалықты мән бересіз? Балапартыңдыз есімдерін кім қойды?

— Дәстүрді дәріптеп, салтты сақтау — басты парызымыз. Үлкен қызымның есімін Сайлау

Айдың дедім. Ұлдың тұсауын жырар Айбек Тәңірбергенов кесті. Үшінші қыздың есімі — Елігім және кенжеміз Айәліп. Оны туған-туыстар өздері қойды. Бірақ, есімдердің бәрі өз сүзгімінен өтті. Өйткені, оған мән беремін. Баланың есімі ерекше болса, өмірі де көркем болады.

— Бұрын өзе сөзі заң болатын. Дегенмен қазір баласын тастап, әке деген атқа лайық болмай жүргендер көп. Кергені берік құрға не кедергі?

— Баладан безінген адамдардың әрекеті мыма қонбайды. Сәбің кешене шыр ете қалса, жандүниң шөк-бұт болады. Ал, оны тастанды оты тасжүрек адамның ісі.

Қаламы қарымды жазушы Оралхан Бөкейдің «Қайдасың, қазақ қулыным?» повесінде: «Дүниедегі ең мықты, әрі ақылды, әрі мың жасайтын тек қана менің әкем екенін, менің әкемнен асқан адамды осы жасымдай деген кереметімді, талай ауылды, талай қаланы аралап сандалсам да таппағанымды, тіпті енді мың жылдан соң да таба алмайтынымды білемін» деген жолдар бар. Осынау повесттегі жылы сөздер әкеге арнаған әрбір баланың өзге сияқты. Алаңсыз балалық шақтың, шұғыл сырларында әке тәрбиесі мол болды. Тәрбие мен тек осы күнгі болмысымызды қалыптастырды.

Үш адам үйленсе, оның екеуі ажырасып жатқан уақытта отбасылық құндылықтың құнын құлдыратып алғанымыз қиыныптады.

— Сұқбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен Мөлдір САБЫРЖАН

Адам құқығы — адамзат баласы үшін басты құндылық. Яғни, адамның жасы, жынысы, туған жері, әлеуметтік жағдайы, шыққан тегінің маңызы жоқ. Алайда әлем бойынша жиі құқығы талпалтатын топ — әйелдер мен балалар.

Елімізде де әйелдердің жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырауы, қысым көруі көбеймесе, азайған емес. Тандаларлық жайт, әйелдерге қысым көрсететіндер өзге емес, өзінің айналасындағы жақындары, күйеуі немесе туысы. Өткен жылы турмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты қазақстандықтар полицияға 120 501 рет хабарлама жіберген. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, бір жыл ішінде турмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты Қызылорда облысы тұрғындарынан 4307 қонырау түскен. Өңірде әйел құқығы қаншалықты қорғалауда? Статистика не дейді? «Қыздың қырық жаны» бар ма? Әйелдер қалай қорғанып қажет? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

ӘЙЕЛ ӨЛІМІ ОРЫН АЛДЫ

Әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету барлық елде бар. Тіпті, талқыға түсіп, қоғамда қозғалған сайын бұл тақырыпқа көптің құлағы үйренсе бастағандай. Зорлық-зомбылық ешкімді тандандырмайды, естіген жанды аса алаңдатпайды. Өткен жылы облыста турмыстық жанжал сағдарынан 2 аса ауыр қылмыс жасалған. Жөбіленуші әйелдердің бір қайтыс болса, енді бір мүгедек болып қалды. Жаңа бір жыл басынан бері отбасындағы кінәлінің бойынша полицияға 3 мыңнан астам хабарлама түскен болса, ерлі-зайыптар арасындағы жанжал негізінен спирттік ішімдік, қызғаныш және әлеуметтік жетіспеушілік сағдарынан туындайды екен. Яғни, қызғанышты әр адамның өзіне салсақ, негізгі себеп ретінде материалдық жағдай мен ішімдікке салынуы атауға болады.

Облыстық полиция департаментінің мәліметі бойынша, 2023 жылдың қаңтар айындағы көрсеткіш бойынша өңірлік 102 неміріне жаңа жанжалы бойынша

күніне 20-25 шақты қонырау түскен. Бір тәулікте 24 сағат бар десек, сағат сайын 1 қонырау, 1 отбасылық жанжал. Оның ішінде «зорлық-зомбылық» санатына кіретін ұрып-соғу, күш қолдану, сонымен қатар ер азаматтардың мас күйінде отбасы шырынын бұзу жағдайлары көптеп кездеседі-мыс.

Қонырау шалынды, хабарлама түсті. Әрі қарай не болады? Түскен хабарламалар бойынша аталған мекен-жайға үчәскелі полиция инспекторлары мен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының қызметкерлері барып оқиға бойынша мән-жайды тексереді.

Әйелді ұрып-соғу дерегі бойынша азаматшаның арызы негізінде дене жарақаты болған жағдайда арнайы сот-медициналық сараптама тағайындау туралы қаулы беріліп, сарапшы маманның қорытындысына сәйкес, ҚР ӨҚБТ-нің 73-1 бабы (денеге қасақана жеңіл зиян келтіру) 73-2-бабы (денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмауы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана зиян келтіру) он айлық есептік көрсеткішпен айыппұл салуға немесе он тәулікке әкімшілік қамауға алынады.

ЗАҢ ЖҮЗЕГЕ АССА...

Жыл басында Ішкі істер министрлігі Бас прокуратураға отбасылық-турмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік баптар (ұрып-соғу, денсаулыққа жеңіл зиян келтіру) бойынша санкцияларды қуейтуі қойнына ұсыныстар әзірлеп жолдады. Заңнама тағайындалмағанымен, ұсыныста 4 бағыт қарастырылуда.

Біріншісі — арыз жазбастан бұрын турмыстық құқық бұзушылықты анықтау сипатына көшу. Яғни, полиция қызметкері жөбіренушіден шағым түсуін күтпей, одан бұрын турмыстық құқық бұзушылықты өзі анықтап іске кіреді. Түпкілікті құқықтық бағаны сот шығарады. Екіншісі — қос тараптың таталуға рәсіміне қойылатын талаптарды қатаңдату. Зорлық-зомбылықты алғаш жасаған кезде «дөбөшір» сотта жөбіренушімен таталуы мүмкін, ал әрекет қайталанған болса, құқығынан айырылады.

Үшінші ұсыныс бойынша «ескерту» санкциясы қоғамдық жұмыстарға ауыстырылады. «Жазаның бұл түрі айыппұл және қамауға алумен салыстырғанда ең тиімді саналады.


Бұған көшелерді, қоғамдық жерлерді, ұста қар тазалау, жол салу және жеңдеу, қала аумағын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары, сондай-ақ қарттарға, мүгедектерге күтім жасау және әлеуметтік пайдалы бағыты бар басқа да жұмыс түрлері кіреді» делінген ақпаратта. Төртіншісі — отбасылық-турмыстық қатынас саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша жазаны қатаңдату.

Осы мақсатта әкімшілік қамау мерзімінің төменгі шегін белгілеу (5 тәуліктен бастап), сондай-ақ құқық бұзушылық қайталанған жағдайда әкімшілік қамау мерзімін ұзарту (20-дан 25 тәулікке дейін) ұсынылған.

ӘЙЕЛ ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАДЫ?


Көз көп бұлынды — сау қарым-қатынастың көрінісі емес. Қос тараптан да кінә бар деп айтқасқа да, қарым-қатынас екі адамның өз-өзімен үздіксіз құмыс істеуінен, қабылдаудан, өз құқығын қорғап, өзгені жеке шекарасын сыйлай өзіне кінәлайды. Бұл зорлық-зомбылық жағдайда әкімшілік қамау мерзімін ұзарту (20-дан 25 тәулікке дейін) ұсынылған.

«Зорлық-зомбылық көретін әйел қалай әрекет етуі тиімді? Біздің ойымызша, отбасындағы зорлық-зомбылық, мен мұндай нәрсеге шыдамаймын» деп атын атап, түсін түстеп ашық айтқан дұрыс. Өйткені көбінесе «қателік менен болды, ашуландырып алдым, дұрыс істемедім» деп әйел өзіне кінәлайды. Бұл зорлық-зомбылық көрсетуші адамның психикалық жағдайына байланысты. Былайша айтқанда, психикалық ауытқуы бар адам басқа біреуге зорлық жасайды. Психикасы сау адам ешкімді реңкілтейді, ұрмайды, соқпайды. Сондықтан мәселе әйелде емес, ол жерде кім болса да, агрессия жасар



Дина БӨКЕБАЙ

IESO – әлемдегі ең беделді олимпиаданың бірі. 2007 жылдан бастап ұйымдастырылып келе жатқан білім бәсекесі дүниежүзінің түпкір-түпкіріндегі нағыз мықтылардың басын қосып келеді. Осыған дейін Корея, Испания, Бразилия, Жапония, Франция, Ресей елдерінде өткізілген білім



додасы биыл Италияда өтеді деп жоспарлануда. Бақ пен бапты қажет ететін ортада әлемнің ең үздік геологы болуға сырбойылық Арайлым Қуандық та үмітті. Аймақтағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 11 сынып оқушысы «IESO – 2023» халықаралық олимпиадасының республикалық кезеңінде II орын иеленіп, білім бәсекесінің келесі кезеңіне сүрінбей өткен.

– IESO байқауы толығымен ағылшын тілінде өтетін болған соң басқа олимпиадалардан ерекше деп санаймын, яғни материалды ағылшынша меңгеріп, белгіленген уақытта оны қолдана білу қабілеттілікті қажет етеді. Олимпиаданың ресми сайтындағы тест сұрақтарын орындауға жетекшілерім көмек беріп, қиналған тұстарда өз білімімен белісіп, бағыт-бағдар беріп отырды. Бұған дейінгі кезеңдерде кездескен мүмкін сұрақтарды жинақтап, оларды толық меңгеруіме екі айдан астам уақыт кетті.

Сұрақтарға жауап беру барысында екі ойлы болып, нұсқалар арасында нақты шешім жасау қиындық тудырды. Дайындық кезінде зерттеген тақырыптарым келсе де ең шешуші сәтте сенімділіктің аса қажет екенін түсіндім. Онымен қоса әр облыстан іріктелген көптеген білімді жаспен сайысқа түсу де қобалжу сезімін тудырды. Өз мектебінің үздігі саналатын оқушылардың арасынан жүлделі орын алуға барынша тырыстым, – дейді оқу озы.

Расында Арайлымның қарсыластары осал емес. Жер туралы ғылымдар бойынша білім байқауына биыл жүзге жуық оқушы өтінім берген. Жас зияткерлер геология, геофизика, метеорология, мұхиттану және астрономия пәндерінен бақ сынасып, үздіктер қатарынан көрінуге барын салды. Олимпиада кезеңінде алдына жан салмаған Арайлым жетекшілері география пәнінің мұғалімі Шолпан Закирова мен Арай Нұрбаевамен бірге

жасаған үздіксіз дайындықтың нәтижесінде жоғары жетістікке жеткенін әрі Қазақстан құрамына енгенін айтады. Алдағы уақытта оқу озыты IESO халықаралық кезеңінде ел намысын қорғайды. Зияткермен тілдесу барысында жетістікке жету үшін білім алушыға қандай қасиеттер керек екенін сұрадық.

– География – менің сүйікті пәнім. 7 сыныпта география сабағында жүргізілген қоршаған ортаны, әсіресе топырақ ылғалдығы, жел бағыты мен жылдамдығы секілді зерттеу жұмыстары геологияға деген қызығушылығымды арттырды. Белгілі бір өлшемдерді жасап, оларды қағаз бетіне түсіру ұнайтын. Бұл олимпиада – менің геология саласында белсенді қатысқан ең алғашқы жобам. Дегенмен, осы салада жұмыс істеу туралы ой бұған дейін де болған, яғни географияны таңдау пән ретінде қарастырған соң болашағымды геология саламен байланыстыру ойымда бар.

Әр оқушы өз тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты дамиды, сондықтан белгіленген қағидаттар мен ұстанымдар болуы шарт емес деп есептеймін. Алайда, жалпыға таныс еңбекқорлық, ізденімпаздық пен табандылық секілді қасиеттер жетістікке жетер жолда аса қажет. Жеке өзінің ұстанымдарым бойынша білім алу барысында қосымша ізденісті үш тілде жүргізу, сыныптастармен бірге қайталау жұмыстарымен айналысу секілді тәсілдер оқушының үлгерімін арттырады деп ойлаймын. Сонымен қатар ерқашан күш салып оқып, кенеттен орын алған сәтсіздіктерге мойымау маңызды. Келешекте жоба жұмыстарымен айналасып, табиғаттың түрлі элементтерін зерттейтін келеді, – дейді Арайлым Қуандық.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Жетістікке жету жолы тынбай ізденуді, жан-жақты білім алуды қажет етеді. Ал үздіксіз оқу мен білгеніңді тәжірибеде қолдана алу адам баласын биік шығарады. Еңбек пен ерік-жігерді қажет ететін білім жолында Арайлым Қуандық жаңа белестерді бағындырып келеді. Жуырда ғана зияткер «IESO – 2023» халықаралық олимпиадасында үздіктер қатарынан көрініп, әлемдік додаға жолдама алды.

ӘР УНИВЕРСИТЕТ ШЕКТІ БАЛДЫ ӨЗІ БЕЛГІЛЕЙДІ

Білім мен ғылым – кез келген мемлекеттің даму, өркендеу көрсеткіші. Сондықтан да ел алдында саланы әлемдік өркеніет талаптарына сай ету мақсаты тұр. Жаңа жемісті реформалар мен бастамалар да күн тәртібінде.

Алдымен ҰБТ-ны алайық. Жылда бақ шабатынын не бап шабататынын уақыт көрсетеді деп түлектер жүреді. Ойдағы нәтижеге қол жеткізбегендер ақысыз оқудан қағылатыны тағы бар. Бірақ биыл жаңа өзгеріс енді. Жаңында Атырау облыстық жұмыспен қамтуда үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Амазат Мәмбетов түлектерді жағымды жаңалықпен қуантты. Оның айтуынша, енді ҰБТ-дан өте алмаған түлектер жұмыссыз қалмайды. Олар «Алғашқы жұмыс орны» жоба аясында 2023 жылдың аяғына дейін 300-ге жуық жаңа жұмыс орны қамтылмақ.

«Бұрын «Жастар практикасына» жолданған жастардың еңбекқысы 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленсе, қазір 30 айлық көрсеткішке дейін өсті, жұмыс мерзімі 6 айдан 1 жылға дейін. «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысу кезеңінің ұзақтығы 1 жылдан 18 айға дейін, еңбекке төленетін ақы мөлшері 20 АЕК-тен 30 АЕК-ке дейін көбейіп отыр. Сондай-ақ, биылғы жылдың жаңалығы «Алғашқы жұмыс орнына» ҰБТ-дан өтпей қалған түлектер де

қабылданады», – деді басқарма басшысы.

ҰБТ-ға қатысты тағы бір өзгеріс бар. Енді әр университет ҰБТ-дағы шекті балды өзі белгілейді. Оқушы университет сайттарынан қанша балл арқылы оқуға түсуге болатынын біле алады. Содан кейін барып құжат тапсырады. Бұл мәліметті Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев былай түсіндірді.

«Бір оқушы математика пәнінің мұғалімі болғысы келеді делік. Ол ҰБТ-да жинаған 80 балымен ұлттық университетке ақылы білімге түскізі келеді. Өздерінің білетіндей, «Педагогикалық ғылымдарға» шекті балл – кейінде 75 балл, ал ұлттық ЖОО-ларға – кейінде 65 балл. Оқушының жинаған ұпайы жетіп тұр. Алайда, ол университетте оқушының оқығысы келген

ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА ГРАНТ АРТАДЫ?

Білімге құштар балғындарға грант мотивация сыйлары анық. Соның ішінде колледждегі техникалық мамандықтарға бөлінетін грант санының 50 мыңға дейін артуы үміт үстеді. Тегін техникалық және кәсіптік біліммен, ең алдымен, әлеуметтік осал отбасылардың балалары қамтылмақ.

Басымдық металлургия, IT, құрылыс, инженерия және қызмет көрсету салаларына беріледі. Қазір бұл мамандықтарға қабылданған студенттердің саны 61 мыңға жеткен. Сондай-ақ енді кадр даярлау қасиеттерінің өтінімі бойынша жүреді. Бұл – түлектерді толығымен жұмысқа орналастыруға мүмкіндік.

«Бүгінгі күні мемлекеттік 498 кәсіпорын

410 колледжбен келісім жасап, бірлесіп жұмыс істеуді бастап кетті. Қазір кәсіпорын өкілдері 300 мыңнан аса студентті тағалымдамадан өткізіп жатыр», – деді Шолпан Каримова. Білім беру саласында күрделі өзгерістер мен жаңашылдықтар болуда. Мұндай өзгерістер

болашақ ұрпаққа сапалы білім берумен байланысты. Ел болашағы жастардың қолында екені белгілі.

Ұрпақты саналы да сапалы етіп тәрбиелеу ұстаздардың еншісінде. Мұғалім оқушыға білім берумен қатар тәрбиелеп, сауатты тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімдейді. Сондықтан білім беру жүйесінде болып жатқан жаңалықтардан тыс қалмау керек.

АТТЕСТАЦИЯ: НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

Ендігі кезекте мұғалімдер мәселесін жіті назарға алсақ, Жақында «аттестациядан өте алмаған мұғалім жұмыстан шығады» деген ақпарат үлкен дау тудырды. Дегенмен Оқу-ағарту министрінің орынбасары Шолпан Каримова

қоғам назарындағы сауалды жауапсыз қалдырмады. Аттестация ережесі бойынша, педагогикалық шеберліктің төрт санаты – модератор, сарапшы, зерттеуші немесе шебер бойынша тестілеуден өтіп, эссе жазу керек.

Педагог төрт санаттың біреуін растаса, соған қарай қызметтік жалақысына 30-50 пайыздық үстемеақы алады. Бұл орайда аттестация педагогтерді жұмыстан шығару процедурасы емес, бұл – оларды ынталандыру механизмі. «Аттестация педагогтердің біліктілігін және жалақысын көтеру мақсатында өткізіледі. Қазіргі аттестацияны 2018 жылғымен салыстырсақ, үстемеақылар жағынан үлкен айырмашылық бар», – дейді Оқу-ағарту вице-министрі.

Сонымен қатар министрлік мектеп директорлары мұғалімдерді Lesson Study әдістемесі бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтуге және іс-тәжірибеде инновациялық Action research әдістерін қолдануға мәжбүр етпеуді тапсырды. Заңнаманың жаңа талаптарына сәйкес, биылдан бастап мұғалімдер үш жылда бір рет кесте бойынша тегін біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

Айта кетейік, Lesson study – сабақты зерттеу. Бұл жерде мұғалімдер бірлесіп сабақ өткізуге, жоспарлауға және бір-бірінің сабағын бақылап, талдауға мүмкіндігі бар. Мұғалімдер бірлесе жұмыс істеп оқушыларға берілетін тапсырмаларды талқылайды. Әдістеме ұжымда педагогикалық рефлексияны дамытуға үлес қосады. Бұл – білім сапасын арттыруға, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас мәдениетін жақсартуға көмектесетін тәсіл.

М.САБЫРЖАН



ТҮЛЕКТЕР ЖҰМЫСПЕН

ҚАМТЫЛАДЫ

мамандыққа шекті балл 85-тен басталады. Демек, шекті балды 80-ге дейін белгілеген университетті іздеу керек», – деді ол.





ТӘРБИЕ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Н.Бексежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Қызылорда облысы білім саласы қызметкерлері мен ата-аналардың «Отбасы – тәрбие бесігі» атты бірлескен кеңесі ұйымдастырылды.

Бас-қосуға ата-аналар, білім саласының қызметкерлері мен ардагерлер, құқық қорғау органдарының, ЖЕҰ өкілдері қатысты. Жыныға қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бұл кездесуге аймақ басшысы ғана емес, әке ретінде ашық пікірлесу үшін келгенін айтып, өңірде атқарылған жұмыстарды баяндады. Сондай-ақ, кеңестің күн тәртібіне сәйкес, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтырұлы бала құқығын қорғау мәселесіне қатысты ұсыныс-пікірлерін айтса, облыстық полиция департаменті басшысының м.а. Ш.Амитов хабарлама жасады. Сонымен қатар бала құқығына арналған жиналда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ғалымы ұлттық тәрбие тақырыбында ойын ортаға салса, №3 мектеп-лицейдің ата-

аналар комитетінің төрайымы А.Қосанова бала-ата-ана-мектеп үштік одағы жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстарын білдірді. Келелі кеңесте облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет «Білім беру ұйымдарында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар сала басшысы басқарма жанынан өмірдің қиын жағдайында қалған балаларға қолдау көрсету, ата-аналармен тығыз байланыс орнату және көмекке толмаған жасөспірімдерге психологиялық-отбасын әлеуметтендіру бойынша жол картасын әзірлеуді, жеткіншектерді үйірмелермен қамту бағытында кешенді шаралар қабылдауды және жергілікті жерде құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

емес ұйымдарымен тығыз еріпестік байланыс орнатып, нақты шараларды жүзеге асыратын болады. Мұнымен қоса облыстық білім басқармасы бала құқығын қорғау және тәрбие жұмыстарын жетілдіруге байланысты жұмысшы топ құрып, оның құрамына ардагер ұстаздар, білім беру ұйымдарының басшылары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, психолог мамандар, әлеуметтік педагогтер енді, – деді М.Шермағанбет. Шара соңында аймақ басшысы бала құқығын қорғаудың аса маңызды екенін айта келе, қала, аудан өкімдеріне және салалық басқармаларға балалар мен олардың отбасын әлеуметтендіру бойынша жол картасын әзірлеуді, жеткіншектерді үйірмелермен қамту бағытында кешенді шаралар қабылдауды және жергілікті жерде құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ: 8 БАҒЫТ БОЙЫНША ІРІКТҮ ЖҮРЕДІ

Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асқан «Президенттік кадрлық резерві» сынақтан өтіп, шыңдалған, білікті де білімді жастарды мемлекеттік қызметке тартуды көздейді. Бұл – ел ертені жастар екенін ұмытпай, эстафетаны қабылдап алатын лайықты буын тәрбиелеуге қадам.

Жуырда Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Азамат Жолманов биыл жастар резервке 8 бағыт бойынша іріктелетінін хабарлады.

«Бұл олқылық емес. Яғни, бірінші резервті жинағанда салалар бойынша нақты талап қойылған жоқ. Демек, бірінші, екінші резервті ембепам мамандарды көп жинадық. Енді үшінші резервте салалардың қажеттілігі бойынша іріктеу мәселесі тұр. Ол энергетика, білім беру, IT-мамандығы сынды салалардың мамандары болуы тиіс», – деді ол агенттіктің кеңейтілген алқа отырысы аясында.

Оның атап өтуінше, бірінші іріктеуде 300 адам,

екіншісінде 50 адам іріктеп алынды. Олардың ішінде бүгінге дейін 258 адам жұмысқа орналасты. 23-і саяси мемлекеттік қызметте, 10-ы «А» корпусын да лауазымды қызмет атқарады.

Бұған дейін іріктелген жастар қандай жағдайда резервтен шығарылатыны жайлы ақпарат тарады. Айталық, желтоқсанда резервтен шығару тәртібін қарастыратын жарлық қабылданды. Осылайша, резервтен шығару өзге елдің азаматтығын алу, азаматтығын жоғалту және теріс қылықпен жұмыстан шығарылған кезде жүзеге асады.

Айта кетейік, еліміздің барлық өңірінде өңірлік жастар кадрлық резерві құрылған. Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және кемінде 3 жыл жұмыс етілі бар жастар қатыса алады. Бұл ретте «Өңір жастары үшін әлеуметтік лифт. Қазіргі уақытта заңға енгізу және өңірлік резервке қатысты түзетулерді ұйымдастыру жұмысы пысықталып жатыр», – дейді жауапты мамандар.

ЖАСТАР ИНДЕКСІ ПАЙДА БОЛДЫ

Жаһандық жастарды дамыту индексі негізінде дайындалып жатқан жаңашылдық туралы Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Данияр Қадыров айтты. «Жастарды дамыту индексі – денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту, қоғам өміріне араласу, бос уақытты тиімді өткізу, қауіпсіздік деңгейін тапдауға арналған жиынтық. Біздің әзірлеп жатқанымыз – БҰҰ-ның жастарды дамытудың жаһандық индексінің отандық нұсқасы. Оны енгізу еліміздің халықаралық ұстанымына оң әсер етеді деді», – деді Данияр Қадыров ОКҚ-де өткен брифингінде.

Вице-министрдің дәйегінше, индекс енгізу жастар саясатын ұлттық және өңірлік деңгейде бағалауға мүмкіндік береді.

«Жастардың даму индексі заңнамалық ресімдеу олардың қоғам өміріндегі белсенділігін арттыратынына сенімдімін. Даму индексі – жастар саясатын іске асыру, тапдау, бағалау және нақты нәтижелерге қол жеткізу тәсілдерін бір іздендірудің таптырмас құралы», – дейді ол.



Бұған дейін жастар санатына кіретіндер саны ұлғайма баянның жеңілдігімен жатпа берілетін тұрғын жи бағдарламасына өзгерістер енгізу қарастырылып жатқаны туралы айтылған еді. Сондай-ақ, қағалауы және жалғызбасты аналар НЕЕТ санатына жатқызылатыны айтылды.

СӨЗДЕН МОНШАҚ ТЕРГЕН



№2 балалар кітапханасында балалар жазушысы, журналист Нұрхан Жанаевтың 90 жылдығына арналған «Сөзден моншақ терген ақын» атты танымдық шара өтті. Оған қаламыздағы №233 Ж.Нурсейітов атындағы мектеп оқушылары қатысты.

Жас ұрпаққа жерлесіміздің өмір жолы туралы аға кітапханашы Райкүл Сейдахметова айтты берді. Қаламгердің шығармашылық ғұмырына шолу жасады.

Нұрхан Жанаев – әдебиетсүйер қауымға мол мұра қалдырған ақын. Сырдария (бұрынғы Теренөзек) ауданы С.Сейфуллин атындағы

ауылда дүниеге келген ол Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолын мектепте мұғалім болып бастаған. Кейін журналистика саласына ауысып, облыстық радиода, Теренөзек ауданындағы «Еңбек майданы» газетінде жұмыс істеген. Алматы қаласындағы республикалық газеттер мен телеарналарда абыроймен қызмет атқарған.

Ақын өлеңдерінің тақырыбы әртүрлі. Ол Сыр өлкесінің көшпелісі мен бүгінгі, табиғат жағайлытары, аң-құстардың азайып бара жатқанын, шабындық жердің тарылып, көгілдір көлдердің тартылып жатқанын өлеңдеріне арқау еткен. Балалардың жан дүниесін ерекше сезінген ақынның «Жас дәурен», «Құстар ұшып келеді», «Жанымың жазыраса», «Нәзіз-жоншар», «Өшпай тойғай» және т.б. жыр жинақтары жарық көрген.

Тағылымды шарада оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы мол мағлұмат алып, табиғаттың сұлулығын суреттейтін «Күз», «Жапырақтар сыбырлап», «Жиде иісі», «Таулар», «Туған жер» сондай-ақ, балаларға арналған «Әке», «Тілейді әжем тыныштық» жырларын оқыды.

Аида АЙТБАЙ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
4-курс студент

ВОЛЕЙБОЛДАН БАҚ СЫНАДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 1 курс оқитын студент қыздар арасында волейболдан турнир өтті. Экономика және құқық институтының ұйымдастыруымен өткен турнирге 7 команда қатысып, бақ сынады.

Институт директоры Нұрлан Құлмыраев, директор орынбасары Айболат Ертаулы шараның тұсауын кесіп, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

«Команда тұлға болып қалыптасу, белсенді өмір студенттік шақтың алғашқы жылынан басталады. Спортты жаңына серік етіп, білім мен дамуды қатар алып жүрген қатысушыларға сәттілік тілеймін. Алдағы уақытта да мұндай шаралар легі жалғасады», – деді Айболат Жүсіпов.



дараланып, көзге түскен Камила Сариева, Құндызай Батырбек, Ділназ Жарынбекқызы, Нұрсұлтан Нұралиева «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды.

ШЕТЕЛДІК КӨЛІГІН ЗАҢДАСТЫРУДА



Қызылордада шетелдік көліктерді заңдастыру жұмысы басталды. Жақында «Араи» мөлтек ауданының тұрғыны Асылбек Азамат ресейлік «Nexia» автокөлігін заңдастырды.

Жүргізушінің айтуынша, ресейлік көлікті аударуға 200 мың теңге, ал құжаттарға 15 мың теңге

қаржы төлеген. Мамандар бұл ретте рәсімнің қалай жүзеге асатынын тарқатты.

Алдымен eGov.kz порталы арқылы деректер тексеруге өтініш беру керек. Өтінімді ішкі істер министрлігі қарайды. Егер заңдiк жеке кабинетiнiзгe өтiнiштiң бастапқы жағында хабарлама келген жағдайда МХҚО-ға барудың қажеті жоқ. Бас тарту себептерін білу үшін тікелей мемлекеттік органға хабарласу керек. Өтінішіңіз қабылданған болса, автокөлікті тексеру үшін МХҚО-ға онлайн кезекке тұру міндетті. Ал заңдастыруға рұқсат алған автокөлікті МХҚО-ның тексеру пунктінде белгіленген уақыттан 20 минут бұрын әкелу керек. Тексеруді толық өткеннен кейін сіз автокөлікті тіркеу үшін МХҚО ғимаратына өтуіңіз керек.

Осыдан кейін алғашқы тіркеу үшін 200 000 теңге, техпаспорт үшін мемлекеттік бақ 3 313 теңге, мемлекеттік нөмір үшін – 9 660 теңге мөлшерінде төлейсіз. Төлемді ОАҚ арқылы орталықта төлеуге болады.

Шетелдік автокөліктерді заңдастыру жұмыстары бір реттік акция ретінде ұйымдастырылып жатыр.

СЫРДАРІЯДАҒЫ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Су деңгейі бірқалыпты екенін өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте Арал-Сырдария бассейндік инспекция басшысының міндетін атқарушы Зейнолла Қазтоғанов мәлімдеді.

– Қазір Шардара су қоймасына секундына 1453 метр су келіп жатыр. Шардара су қоймасындағы су көлемі 4 633 млн текше метр, оның төменге тасталып жатқан су көлемі секундына 900 текше метр. Арыс өзенімен Сырдария өзеніне түсіп жатқан су көлемі секундына 130 текше метр.

Айта кетуі керек, Сырдария өзенінде мұз Түркістан облысы Маяққу елді мекені тұсындағы иіндерде ұстаысты. Шардара су қоймасымен Көксарай су реттегішінің жұмыс кестесі бақылауға алынып, жергілікті атқарушы органдар, Төтенше жағдайлар департаменті және су шаруашылығы ұйымдарымен Сырдария өзеніндегі су шаруашылық жағдайына күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізілуде, – деді ол.



Облыс аумағында Сырдария өзенінің бойында орналасқан Стратегиялық маңызы бар Қызылорда су торабы, Айтке су торабы, Қазалы су торабы және Ақпак су тораптары пайдалану ережесіне сәйкес қауіпсіздік және бірқалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз ету мақсатында транзиттік режимге көшіріліп, қалыпты жұмыс жасауда. Диспетчерлер тарапынан сағат сайын су деңгейі бақыланып отыр.

Бұл терминді қазақстандық қолданушылар жиі айтатын болып жүр. Танымал подкаст тыңдау жүйелерінде де түрлі тақырыптағы қазақша контент кездесіп қалатынын байқадым. Осы орайда еліміз бойынша алғаш подкаст орталығын ашқан Елдар Құдайбергеновтің пікірін білген болатынбыз.

— Подкаст идеясы екі мыңыншы жылдардың басында пайда болды. Бұл технологияны қолданушылар 2001 жылы тәстілеп көрген болатын. Жалпы, подкаст — жанр емес, технология. 2004 жылы The Guardian журналистері подкаст туралы жазып, бұл технологияны қалай атау керек екені туралы мәселе қозғады. «Интернеттегі аудио блогингке жата ма, әлде басқаша атау керек пе?» деген дүние сөз болып,

ақыры «подкастинг» деген атау қолданылды. Себебі бұл технологияны жасауда iPod сияқты гаджеттер пайдаланылатын. Уақыт өте келе жеке қолданушылар мен БАҚ подкастың не екенін дұрыс түсініп, ыңғайлы, пайдалы дүние түрінде қолдана бастады. Осы тенденция технологияның танымал болуына кетуіне ықпал етті. Мәселен, ресейлік медиа «Meduza» подкаст жүргізді.

Осының арқасында технология орыс тілді ақпарат кеңістігінде сұранысқа ие болды. Тура осындай жағдай дамыған елдерде де қалыптасты. Қазақстанда кейінгі жылдары подкаст тыңдау танымал болып келе жатыр. Бірақ біздегі көрсеткішті дүниежүзімен салыстыруға келмейді. Подкастинг — Қазақстанда енді пайда болып жатқан технология. Қазір отандық подкасттардың танылуына әлеуметтік желі зор ықпал етеді. Себебі қолданушылар көп жағдайда қандай да бір подкастпен өзі оқитын парақшалар арқылы танысып, тыңдап жатады. Өрине, әлеуметтік желіде танымал болмаса да, басқа маркетинг жолдарымен тыңдарманын көбейтіп жүрген подкастерлер де бар, — дейді ол өз сөзінде.

Подкастың ең ыңғайлы тұсы — оны басқа жұмыспен айналысып отырып та тыңдауға болатыны. Уақытты бос кетірмей, жаяу жүргенде, спортпен айналысқанда, тамақ істегенде, көлікте тыңдауға ыңғайлы.

Бұл тұста мақсатты айқындау да өте маңызды. Қолданушы «осы жасаған дүнием көп адамға танылса, аудитория жинасам» деген ниетте болса, бір бөлек. Ал «адамдарға шынымен пайдалы болатын дүние жасап шықсам» деген мақсат мүлде басқа.

Аида АЙТБАЕВА



Подкаст — қазақы санаға әлі толық сіңе қоймаған термин. Оның шығу тарихы жайлы әртүрлі пікір бар. Бүгін соған аз-көм тоқталып өтсем.



ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ — ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дейді Қадыр ақын. Қазір өзге тілді үйренем десең, шек жоқ. Дегенмен шұбарлап сөйлеу трендке айналып барады. Тіпті көшеде қате көрсек, үйреншікті нәрседей йіпқам жүре береміз...

Осы айтқандарыммен өзімді мінсіз, басқаны мұңсыз қылып жатқаным жоқ. Бұл тақырыпты көтеру маған оңайға түспеді. Өмірімнен осы бір жайтқа мысал ретінде алып қарайтын мәселелер көп-ақ. Соның бірі қоғамдық көлікте болған жағдай.

Қасымыда отырған карт кісі маған ұялы телефонын нұсқап, орыс тілінде қалай төлем жасауға болатынын сұрап әлек. Мен ол кісіге түсіндіріп әлекпін. Бірақ әжейдің не айтқысы келгенін мүлде ұқпадым. Алдымда отырған қыз қазақша былай болады деп айтып еді, өлпіндегі карт кісі қазақша сайрай жөнелді. Осы жерде мен ұят нәрсе істегендей өзімді қоярға жер таппадым.

Мұнымен ол кісінің айтқан мәселесін түсіндіре алмағаным емес, «қазақ тілінде сөйлеуге қауқарымның жетпегені ме?» деп өзімді түйредім. Ата-бабамыз елін, жерін, тілін, дінін жаудан өле-өлгенше қорғап өткенде, біз не үшін ұят болады деп өзге тілде сөйлеуіміз керек?

Италиялық жинакөз, кәсіпкер Ренальо Гасприин «Мен өлемін 141 елін араладым. Солардың ішінде өз жерінде тұрып, өз тілінде сөйлемеген елді көрдім» деп бізді мәңзегені әлі де есімде. Бірақ одан кейін не өзгерді? «Қылықтап, алып қашып құрбы бөрік, Сол тілменен ойнадым далада еркі. Сол тілменен бірінші сыртқа шығып,

Өмірде ен далада ұққан көркім» деп Сұлтан-махмұт Торайғыров атамыз айтқандай, бар білімді бойымызға ана тіліміз арқылы дарытқан, көзімізді ашқан дара тілде сайрап жүру біздің мойнымызда. «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды»...

Аружан СЕРІКОВА

ВИЗНЕС

ЖАСТАРҒА ГРАНТ: ТАЛАПТАРДЫ ЕСКЕРҮ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы еліміздегі кәсіпкерлік нысандарының санын арттырып, әлеуметтің әлеуеті оң тенденцияға түсуі жолында нық қадамға баратынын жеткізді.

«... Біз «Азамат — бизнес — мемлекет» арасындағы қатынасты өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз» деді президент.

Бұдан бөлек бастамаларды ынталандыру, яғни мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуынан бас тартуды көздеген болатын. Осыдан-ақ кәсіпкерлік кәсіби өркендеуге қадам басты деуге болады. Енді осыған байланысты қандай шаралар атқарылғанын бағамдасақ.

Дерек бойынша 2020 жылы тіркелген кәсіпкерлер саны 4,3 пайызға ұлғайып, 54700 бірлікті, 2021 жылы 4,2 пайызға ұлғайып, 56976 бірлікті, ал өткен жылы 3,6 пайызға артып, 59023 бірлікті құрады. Ал қазір оның саны едәуір артқан. Оның ішінде жұмыс істейтін кәсіпкерлердің саны 2020 жылы 48657 бірлікті құраған болса, 2021 жылы 4,9 пайызға ұлғайып, 51063 бірлікке, ал 2022 жылдың 1 шілдесі жағдайында 5,2 пайызға ұлғайып 53725 бірлікке жетті. Бұл көрсеткіш қазір де өзгеріске ұшырап, саны артуда. Ал быыл кәсіпкерлікті қолдау Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асуда. Оның шеңберінде жеңілдікпен несие, мемлекеттік гранттар беру, қажетті инженерлік инфрақұрылымды жеткізу қарастырылған. Жалпы, жана бизнес-идеяларға 5 млн теңгеге дейін мемлекеттік гранттар беру Үкіметтің қаулысымен бекітілген арнайы ережеге сәйкес іске асады. Оның жергілікті деңгейде үйлестіруші органы ретінде кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы айқындалған. Бұл қолдау құралын іске асыру үшін қоғамдық бірлестіктер, салалық сарапшылар, ғылыми-білім беру мекемелері, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары мен атқарушы билік өкілдерінің міндетті қатысуын қамтамасыз ете отырып, комиссия құрылады. Комиссия бизнес-идеяның жаңашылдығы, оның бәсекеге қабілеттілігіне қарай бағалау жүргізіп, жобаларды іріктейді. Жобаны іске асыру

үшін кәсіпкер суратылған грант сомасының кемінде 10 пайыз көлемінде жобаны бірлесіп қаржыландыруы және жұмыс орындарын құруы тиіс. Бұл — халықтың әлеуметтік осал тобындағы азаматтарды қоспағанда, барлық қатысушы шағын кәсіпкерлер үшін міндетті шарт.

Айта кету қажет, егер кәсіпкердің салық пен мемлекеттік бюджетке басқа да міндетті төлемдері, сондай-ақ кредиттік тарихына сәйкес қаржылық міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегі болса, онда оған грант қаржысы берілмейді.

Жақында Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1 қаңтардан бастап күшіне енген 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде жастарға жеңілдікпен шағын несие беру туралы ақпаратпен бөлісті. Бұл туралы министр Тамара Дүйсенова «2,5 пайыздық несие 35 жасқа дейінгі адамдарға ғана беріледі».

Несие нақты бір салаға арналмаған. Оны алғысы келетін адам кез келген бизнес аша алады. Басты талап — сұраныстың болуы» деген еді.

Ендіше, замандастардан креативті идея, ел дамуына серпін берер жобалар күтеміз!

Әлия ТӘЖІБАЙ



КІТАП ОҚИТЫН ҚОҒАМ

Кітап оқу — жетістіктің ең басты негізі.

Қазақстан қоғамдық қорының зерттеуі бойынша

қазақстандықтардың 20%-ы мүлде кітап ашпайды.

Қоғамдық дамытқымыз келсе, алдымен кітап оқу мәдениетін қалыптастыруымыз керек.

Ұйықтап жатқан сананы оятып, миға салмақ салып,

дүниенің құпиясына бойлап, ми жұмысын жылдамдатуға оқу сеп.

Дидроның айтуынша, «Адам кітап оқуды тоқтатқан күні, ойлауды да тоқтатады»...

Дүниежүзі бойынша сатылатын кітаптардың көбісін 45 жастан асқан адамдар сатып алса, өйелдер еркісілерге қарағанда кітапты көп алады. Бұрын кітаптардың жеткіліксіздігінен алдыңғы буын өкілдері кезектесіп оқуға мәжбүр болса, бүгінде бұл «қазынаның» сан алуан түрі басылып шығуда.

Кітап адамзат мәдениетінің ең маңызды элементі екені сөзсіз. Ол — мыңдаған жылдар бойы жинақталған білімнің трансформаторы. Оқыған сайын жан дүниеміз тазарып, рухани кемелденетіміз анық. Бүгінгі технологияның қарыштап дамыған заманында қоғам планшет, смартфон, гаджет секілді заманауи құрылғылар арқылы электронды кітаптарды оқи алады. Электронды кітаптың қағаз кітаптан айырмашылығы оны көз келген жерде оқи алуында. Ол үшін кітап арқап, сөмкеге салып жүрудің қажеті жоқ. Электронды кітапқа көшкендердің пікірі бойынша «Қағаз кітап табиғатқа зиян».

Өрине, бұл нәрсені жоққа шығара алмаймыз, қағаз 65 пайыз үйіңділ, 25

пайыз қайың, ал 10 пайыз терек ағашынан тұратын қоспадан өндіріледі. 1 тонна қағаз жасау үшін 2 тонна ағаш қажет. Өлемді қағазбен қамтамасыз ету үшін жер бетінде қанша ағаш шабылып жатқанын елестудің өзі қорқынышты. Алайда Роман Михайловтың пікірінше, «Кітап басып шығару, ағаштың басқа формадғы жалғасы. Кітап арқылы ағаштар сөйлейді, толғанады, тіл қатады».

Қағаз күйіндегі кітаптар — ежелден келе жатқандықтан, бізмізге ортақ дәстүрлі дүние. Жұмыс орнында болсын, үйде болсын сөрелердегі кітаптың толып тұрғаны тек интернетке сән емес, сонымен қатар жанға рахат сыйлайды. Сондықтан электронды кітаптан гөрі кітаптың өзін оқыған медициналық тұрғыдан да, физиологиялық тұрғыдан да және рухани тұрғыдан да пайдалы. Ең бастысы, кітаптың мазмұнды болуы. Ол — қандай болмасын, адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі.

Мерей ҚАНИҚЫЗЫ

ЧЕМПИОНҒА КҮРМЕТ КӨРСЕТТІ



Қазалы ауданы әкімі Мұхтар Оразбаев бокстан Тайландта өткен Азия біріншілігінің чемпионы Гүлсая Ержанды қабылдап, құрмет көрсетті. Шара барысында аудан басшысы спортшыны айтулы жеңісімен құттықтап, аудан жұртшылығының атынан ризашылығын білдірді.

— Әлем чемпионатында көк байрағымызды көкке көтеріп, Әнұранымыздың үнін асқақтатқан жеңісіңізбен құттықтаймын! Ауданда спорт саласын дамыту басты назарда. Соның нәтижесінде өзінше спорт санлақтары әлемді мықтылығымен мойындатуда, — деді Мұхтар Әуесұлы.

Басқосуда аудан басшысы спортшы мен оның жаттықтырушысы Б.Құлбаевты алғыс хаттармен марапаттап, сыйақы табыстады. Сондай-ақ, Гүлсаяның әжесі Ұржан Ағдұлбақына қайсар қыз тәрбиелегені үшін алғыс айтып, сый-құрмет көрсетті.

АСЫҚ АТУ МӘДЕНИ МҰРА ТІЗІМІНДЕ



ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұраны қорғау Үкіметтік емес комитетінің XII сессиясы аясында «Қазақтың ұлттық ойыны — Асық ату» ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұрасы ретінде танылып, тізімге кірді.

Тізімге «Қазақ атбегілерінің көктемгі дәстүрлері» және Өзірбайжан, Қырғызстан, Түркиямен бірлескен «Қорқыт Ата мұрасы» өтінімін қарастырды. Сессия аясында Қазақстанның арнайы көрме бұрышы көрсетіліп, асық ойыны баршаға паш етілді. Осы шара барысында сессияға келген ел мүшелері асыққа ұқсас ойынның өздерінде де елдерінде бар екенін айтты. Осының негізінде асық физикалық дайындығы дамытып қана қоймай, елдер арасындағы достықтың айтауын байқауға болады.

Халықаралық сарапшылардың айтуынша, өскелең ұрпақ аталған спортты сақтау мен дамытуда басты роль атқарады.

Айта кетейік, номинацияға дайындықты ҚР ЮНЕСКО және ИЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы, Материалдық емес мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитеттің сарапшылары және ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен ҚР ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілі жүргізді.

Қазақстан материалдық емес ұлттық мұраны қорғау жөніндегі конвенцияны ратификациялағаннан бері (2011 жыл, желтоқсан) ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралар репрезентативтік тізіміне ҚР қатысуымен 7 номинация ұсынылды.

«БРЮС ЛИДІ» ЖЕҢІСІ



Бішкектегі OCTAGON 40 турнирінің алғашқы кардындағы жекпе-жектер аяқталды. Жеңіл салмақтағы жекпе-жекте қазақстандық Нұргиса «Брюс Ли» Ғалымжанов (2-0) пен қырғызстандық Ислам Егембердиев (2-0) кездесті. Сайыс толық үш раундқа жалғасып, «Брюс Ли» төрешілердің бірауызды шешімімен жеңіске жетті.

Кештің басты жекпе-жегінде қырғызстандық Максат «Барс» Жолдос уулу (8-2) Бразилиядан келген тәжірибелі файтер Жозе Тавареспен (15-10) кездеседі.

Айта кетейік, келесі OCTAGON 41 турнирі 19 ақпанда Алматыда өтеді.

Бетті дайындаған А.СЫРЛАН

— Көркем гимнастикаға қалай келдің?

— Кішкентайымыздан нағашы әжем немерелерін «Мүз айдыны» спорт кешеніндегі хоккейге қатыстыратын.

Өзі апарып, бауырларымды күтіп, жаттығу аяқталған соң алып қайтады. Мен әкеммен бір елі қалмайтымын. Сөйтіп жүргенде 2014 жылы аталған спорт кешенінде көркем гимнастика үйірмесі ашылып, жаңадан құрам жинақталып жатты. Ол кезде 3 жастамын. Әжем бұл спорт түріне қатты қызығатын. Себебі, көркем гимнастикамен айналысатын қыздардың дене бітімі мен жүрісі әдемі, арқасы тік болады. Бірнеше рет жаттықтырушының алдына ертіп апарды. Ол гимнастикаға үшін жасымның кіші екенін айтып, қабылдаудан бірнеше рет бас тартты. Алайда әжем қоймастан менің қабілетімді көруім өтінді де, шпатағқа отырып, өзім білетін түрлі қимылдарды көрсеттім. Ынта мен қабілетімді байқаған жаттықтырушы жасымның кішілігіне қарамай қабылдады.

Бір жыл бойы облыстағы аға жаттықтырушы — Гүлмира Әбсұлтанқызынан кәсіби білім алдым. 2015 жылы 4 жасқа толған соң Шымкент қаласында өткен «Әкім кубогы» жарысына қатысып, алғашқы жеңісіме жеттім. Қазір көркем гимнастикамен айналысып жүргеніме 9 жылдан асып барады.

— Сіздің ойыңызша спортшы бойында қандай қасиеттер болу керек?

— Ең алдымен шыдам болу қажет. Мен айналысатын спорт түрі сабырды талап етеді. Дене қыздыру мақсатында «Мүз айдыны» кешенінде қыста да, жазда да 30 айналымнан жүгіреміз. Жаттығу барысында денеміз түрлі бағытта созылып, тарылды, жарқақт алып қалатын сәттер де болады. Содан кейін тәртіп пен

«БІР ЖАРЫМ МИНУТ ӨНЕР КӨРСЕТУЕ БІР ЖЫЛ ДАҒЫНДЫҚ КЕРЕК»



үлгеру үшін жарыстан келе салып, өткен тақырыптарды қайталаймын.

тандаудың жоқтығы. Өзбір сайысқа 50-100 мың теңге арасында Алматы, Шымкент қалаларынан арнайы



Көркем гимнастика шұғылданушылардың дене сұлулығын қалыптастырып, эстетикалық тәрбие береді. Қазіргі таңда қыздардың бұл спорт түріне қызығушылығы жоғары. 12 жасар бүгінгі кейіпкеріміз — «Қазақстан Республикасының Спорт шеберіне кандидат» ғана емес, республикалық сайыстардың жеңімпазы. Сүйікті ісі мен спортты тоғыстырып, талай биікті бағындырып жүрген Айша Исмамен көркем гимнастика жайында тілдескен едік.

ұқыптылық керек. Өр қимылды орындап жатқанда бір қателік жіберілсе, тебеге лақтырылған шеңбер немесе доп құлап, лентамыз оралып қалуы мүмкін. Спортшының бойында осы аталған қасиеттер болса, қандай кедергі болмасын, жеңіп шығады.

— Спорт пен мектептегі білім жеке-жеке ізденісті, уақыт бөлуді қажет етеді. Оларды қалай біріктіруге болады?

— Негізінде сабақ пен спортты бірге алып жүру оңай емес. Бірақ барынша тырысамын. Өзім үшін сабақ қиын. Спорт күн 3 жасымнан барған соң шығар ондағы тәртіп пен ережелер оңайырақ. Өр күні 7-де оянып, таңғы ас ішіп болып, жаттығуға барамын. Келген соң түсі ас ішіп, мектепке жол тартамын. Келісімнен түнге дейін сабақ оқимын. Өсіресе, жарыс уақытында, басқа қалаға 1-2 апталап кеткенде біраз тақырыптан қалып қоямын. Барлығына

— Спорт сізге не берді?

— Ең алдымен спортпен тынбай шұғылдануымның арқасында денім сау, шымырмын. Дене шынықтыру сабағында түрлі жаттығулардың барлығын оңай орындаймын. Сонымен қатар әдемі дене бітім мен көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Түрлі сайыстарда топ жарып иемденген 40 шақты медаль, марапатым бар. Спорт маған жаңа орта берді.

Барлық спорт түрінің өзіндік қиындығы бар. Бір жарым минут өнер көрсету үшін 1 жыл бойы дайындық болады. Жеке және командамен өнер көрсетеміз. Командалық сайыста түрлі оқиғалар орын алып жатады. Доп немесе шеңберді лақтырғанда қағып ала алмау, қолдан түсіп кету сынды. Тағы бір қиындық тудыратыны өнер көрсеткенде киетін костюмдер мен жаттығуға арналған арнайы спорттық киімдерге

тапсырыспен спорттық костюм алдырамыз. Тіпті, ойдағыдай шығу үшін арнайы тіпкіретміз.

— Болашаққа қандай мақсат жоспарларыңыз бар?

— Алға қойған мақсатым — «Қазақстан Республикасының Спорт шебері» дәрежесін алу. Қазіргі таңда сол үшін тынбай өңбек етудемін. Негізгі көркем гимнастикада мансап 15 жаста тоқтайды. Сол уақытқа дейін барлық дәрежеге қол жеткізу қажет. Сонымен қатар болашақта жеке гимнастика залын ашқым келеді. Аға жаттықтырушы қызметін атқарып, қызылордалық қыздарға бар білгенімді үйретіп, жарыстарға дайындағым келеді. Қазақстанда көркем гимнастика спортшының дамуына өз үлесімді қоссам деймін.

— Сөттілік тілейміз!

Сұқбаттасқан
Шәһида
АБИБУЛЛАҚЫЗЫ

Бұл туралы ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин хабарлады.

«Быттыр Digital Nomads қауымдастығын жинағанымыз естеріңізде болар. Осы уақыт ішінде біз Digital Nomads өкілдерімен бірге қазақстандық оқушылар мен студенттерге арнап, тұрақты дәрістер ұйымдастырдық, сондай-ақ спорттық бағдарламалауды қолдау бойынша жұмыстар жүргіздік. Елімізде өзіміздің спорттық бағдарламалау федерациясының құрылғанын қуана хабарлағым келіп отыр, ал маған оған жетекшілік ету мәртебесі бұйырды», — деп жазды министр.


Сондай-ақ ол спорттық бағдарламалаудың әлеуеті зор интеллектуалды спорт түрі екенін еске салады.

«Мұнда жасөспірімдер математикалық алгоритмдік есептерді бағдарламалау тілдерін қолдана отырып шешеді. Қазақстандық оқушылар мен студенттер IOI және ICPC сияқты халықаралық жарыстарға тұрақты түрде қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Федерацияны құра отырып, біз халық арасында спорттық бағдарламалауды дамыту мен насихаттау жұмыстарын жүргізуді, сондай-ақ осы бағытта түрлі жарыстарға

қатысатын жастардың нәтижелерін одан әрі жақсартуды жоспарлап отырмыз. Атап айтқанда, Федерация ұлттық және халықаралық деңгейде іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады, білім беру мекемелерінде экожүйені дамытады және спорттық бағдарламашыларды даярлау әдістемесін әзірлейді», — дейді Бағдат Мусин.

Салада тағы бір жағымды жаңалық бар. Жақында Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Келінов мемлекет қаржыландыратын спорт түрлеріне тоғызқұмалақ пен асық атуды қосуды ұсынғанын да айту керек.

«Ұлттық спортты дамыту міндеті тұр. Бүгінгі күні еліміздің 500 мыңнан аса азаматы ұлттық спорт түрлерімен айналысады. Ол өте жақсы. Бірақ, оны ары қарай дамыту керек. Дәстүрлі спортты бағалар арасында дәріптеп, ұрпағымызға дұрыс тәрбие беру міндеті күн тәртібінде. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық спорт түрлері бойынша міндетті компонент қолданысқа енгізілді. Қазақ күресі мемлекеттік спорттық тапсырыс асында қаржыландырылатын спорт секцияларының қатарына



Қазір кәсіп бастаймын дегенге көрсетілер қолдау көп. Тек қаржының көзіне айналар хоббиің болса, жеткілікті. Бұл жағынан жастар алдыңғы буында қарағанда алға озғанын мойындау керек.

Соның бірі – заманауи тәсілмен кілемшелер тоқып, сұранысқа сай сапалы дүниелерді жасап жүрген жерлесіміз, жеке кәсіпкер Жандос Шораев.

Кілем тоқу ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе



жатқан өнер екені белгілі. Бұрын қабырғаға іліп, еденге төсеп, үйдің жылуын сақтау үшін пайдаланса, кейін сәндік бұйымға айналды. Ал кейініректе бұнда тафтинг әдісімен кілем тоқумен айналысуда. XVII ғасырдан бері адамзат итілігіне жарап келе жатқан тафтинг технологиясын зерттеген кәсіпкер арнайы станок сатып алған. Технологияны тереңнен игеріп, алғашқы табысқа да қол жеткізіп отыр.

Кәсіпкер өткен жылы 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру бағдарламасы аясында 2,5 миллион теңге қайтарымсыз грант иегері атанып, жаңа құрылғылар мен керекті материалдар сатып алған. Бүгінде ол жергілікті үш тұрғынды жұмыспен қамтып, санына сапасы сай

тапсырысты қабылдап отыр.

Оның айтуынша, кілем тоқу цехы өз іргесіне орналасқан. Цехта екі кілем тоқу станогы және өзге де қажет құрылғылар бар. Кілем сапалы шығу үшін арнайы Алматыдан әкелінген жібек жіптер пайдаланылады.

– Ағылшынша «tuft» сөзі «түйін» деп

ТАФТИНГ ТӘСІЛІ ТРЕНДТЕ

тоқу станогы арқылы шығарылатын тоқыма кілемдер бір немесе түрлі түсті болады. Құрылымы жағынан көпқабатты материалға ұқсас. Кілем тоқылып бітісімен атқарылатын жұмыстар лепі мынадай: алдымен түпті қырылады, тазаланады, ыстық буға ұсталады, шеті әдіптеледі немесе оған шашақ тігіледі, сөйтіп, қосмаша өңдеуден өткізіледі. Содан кейін ғана тапсырысымыз дайын болмақ, – деп түсіндірді кәсіпкер.

Тафтинг тәсілімен тоқылатын кілемдерге тапсырыстар жан-жақтан түседі екен. Көбісі жақындарын қуанту мақсатында сыйлық ретінде тапсырыс береді. Өнім төрт күнде тоқылып, дайын болады. Ал кейініректе осы уақытқа дейін 2 ай ішінде 20-дай кілем тоққан.

«Соңғы жылдары қолөнер бұйымдарының қадір-қасиетін түсінетіндердің қатары көбеюде. Кілем туралы бір-бірінен естіп, қызыққан соң тапсырыс беретіндер қатары бар. Сол себепті санаға аса мән береміз. Жібекке синтетиканы араластырып, кілемнің жылтырауын, суреттің дәл келуін қадағалаймыз. Жібек пен синтетиканы араластыраса да болмайды. Екеуі үйлесім тапса, кілем жылтырып, көздің жауын алады.

Көбінесе балалары ата-аналарына тосынсый жасағысы келеді. Сонымен қатар, көбінесе халық қалаулылары, сыйлы азаматтарға, атақты ақын-жазушыларға арналып портреттік кілемдер тоқылады», – дейді кәсіпкер.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

кәсіпкер болашақта тәжірибе жинап, кәсіби біліктілікті кеңейту арқылы жобасын табысты бизнеске айналдырғысы келеді. Сол үшін Алматы қаласындағы кәсіпкерлік негіздеріне арналған курсқа да қатысыпты.

– Механикалық тоқу станогы арқылы шығарылатын тоқыма кілемдер бір немесе түрлі түсті болады.

Құрылымы жағынан көпқабатты материалға ұқсас. Кілем тоқылып бітісімен атқарылатын жұмыстар лепі мынадай: алдымен түпті қырылады, тазаланады, ыстық буға ұсталады, шеті әдіптеледі немесе оған шашақ тігіледі, сөйтіп, қосмаша өңдеуден өткізіледі. Содан кейін ғана тапсырысымыз дайын болмақ, – деп түсіндірді кәсіпкер.

Тафтинг тәсілімен тоқылатын кілемдерге тапсырыстар жан-жақтан түседі екен. Көбісі жақындарын қуанту мақсатында сыйлық ретінде тапсырыс береді. Өнім төрт күнде тоқылып, дайын болады. Ал кейініректе осы уақытқа дейін 2 ай ішінде 20-дай кілем тоққан.

«Соңғы жылдары қолөнер бұйымдарының қадір-қасиетін түсінетіндердің қатары көбеюде. Кілем туралы бір-бірінен естіп, қызыққан соң тапсырыс беретіндер қатары бар. Сол себепті санаға аса мән береміз. Жібекке синтетиканы араластырып, кілемнің жылтырауын, суреттің дәл келуін қадағалаймыз. Жібек пен синтетиканы араластыраса да болмайды. Екеуі үйлесім тапса, кілем жылтырып, көздің жауын алады.

Көбінесе балалары ата-аналарына тосынсый жасағысы келеді. Сонымен қатар, көбінесе халық қалаулылары, сыйлы азаматтарға, атақты ақын-жазушыларға арналып портреттік кілемдер тоқылады», – дейді кәсіпкер.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ



КИБЕРБУЛЛИНГ: ЖЕЛІДЕГІ БАЛА ҚАҢЫПСЫЗДЫҒЫ

Жақында «Қоғамдық денсаулық сақтау» ұлттық орталығы балалар мен жасөспірімдер арасында кибербуллингке қатысты сауалнама жүргізіп, 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің шамамен 12 проценті кем дегенде бір немесе бірнеше рет кибербуллингке ұшырағанын анықтаған. Сондай-ақ жасөспірімдердің шамамен 11 проценті кем дегенде бір рет кибербуллинг жасауға әрекеттенгені дәлелденген.

Бұл орайда «Бала құқықтары туралы» заңға буллинг түсінігі енгізіліп де тоқталсақ.

Соған сәйкес, онлайн-платформалардың өкілдерімен өзара іс-қимыл кезінде балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты ғана жоюға мән берілді. Мұндай тәртіп балаларға қатысты кибербуллинг фактілеріне жедел назар аудару мен қоғамның ақпаратқа деген сұранысы арасындағы теңгерімді ортаны табуға мүмкіндік береді.

Бұған қоса Сенаторлардың ұсынысы бойынша Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі өз бетінше интернет-ресурстардың, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің жұмысын шектеп немесе тоқтата алмайтын болды. Тек балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты ғана желіден жою алады. Ал, балаларға қатысты кибербуллингтің сипаттамасы қандай,

КӨРЕК ДЕРЕК

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметінше, өлімізде 70 мыңға жуық кибербуллинг фактісі тіркелсе, өткен жылдың 9 айында бұл көрсеткіш екі есе көбейген.

оны қандай белгілері арқылы анықтайды? Мұны сарапшылар тобы айқындайтын болады.

Бұдан бөлек, Қазақстанда балаларға арналған қауіпсіз «Ақ сайттар тізімі» барын айту керек. Бұған балалардың психологиялық, физикалық тұрғыда толыққанды дамуына мүмкіндік беретін, тәрбиелік маңызы, тақырыбы мен мазмұны жағынан іріктелген 3556 сайт енген. Интернет желілері мазмұны бойынша білім және ғылым, мәдениет және өнер, ойын-сауық, музыка, кино, телевизия, табиғат, адам, қоғам, спорт және туризм салаларына бөлінген. Сондықтан баланың интернеттегі қадамын қадағалап отыру үшін ата-анаға жауапкершілікпен қатар цифрлық технологияларды меңгеру қажет. Қайткенде де баланың тағдыры үшін жауапты екеніңізді ұмытпау маңызды.



Тоқты

Өр сөзіңізге абай болып, айналадағылармен барынша әдепті қарым-қатынас орнатыңыз. Аптаның барлық күні сауда-саттық жасауға қолайлы. Қаржылық операцияны жүзеге асыру қажет болса, жұмадың еңшісіне қалдырыңыз.

Торпақ

Жұмыс барысында белсенді болыңыз. Сейсенбі мен сәрсенбіде ақырын жүріп, аңдап басыңыз, қастық қылғысы келгендер қақпан құруы мүмкін. Достармен кездесуді жұма күніне белгілеген дұрыс.

Егіз

Маңызды шаруаңыз болса, ол жайында ешкімді хулақандырмай, үнсіз тыңдырыңыз. Бейсенбі мен жұмада қызметтік міндетіңді мүлтіксіз атқаруға тырысыңыз. Бұл күндері мансап баспалдағымен өрлеуге ықпалы тиетін жұмыс күтіп тұр.

Шаан

Бірнәрсені ұясыңызда ұстамасаңыз, өзіңізді жайсыз сезінесіз. Кейде басыңызға бақ қонып, ісіңіз біреудің арқасында жақсы жүріп жатқандай көрінеді. Қалай болғанда да барлығының сәтті өтіп жатқаны үшін алғыс айтуды ұмытпаңыз.

Арыстан

Бұл белгідегі жандар бай болудың қыр-сырын біледі. Асықпайды, бірақ бәріне үлгереді. Отбасында, жұмысында, сүйегенін де бәрін-бәрін жақсы көреді. Сіздер үшін ең қолайлы күн – жұма. Тек ақшаны орныммен жұмсай біліңіз.

Бикеш

Айналадағы адамдармен қарым-қатынасыңыз жақсы. Келіссөздер жүргізуге өте қолайлы апта. Барлық адам сізге қызығады. Неге «менің де жолым болмайды» деп қызығатын жандар көп.

Таразы

Апта сәтті басталмақ. Барлық шаруаларыңызды жинап қойып, сүйіктіңізге көңіл бөліңіз. Ол сізден қолдау күтеді.

Сарышаян

Өзіне жасалған жақсылықты, сыйлықты, сондай-ақ біреудің тарапынан болған реніш пен сатқындықты ешқашан ұмытпайсыз. Бұл әдеттен арылу керек.

Мерген

Екі дос-таныстармен ұшырасасыз. Сәрсенбі мен жұма күндерінің аралығы үй шаруашылығын қолға алу мен сауда-саттық жасауға қолайлы. Ал сенбіні сәтті өткізіңіз келсе, интеллектті арттырып, жаңа білім алуға, шығармашылығыңызды шыңдауға, туыстармен әңгіме-дүкен құруға талпыныңыз.

Тауешкі

Осы аптада іскерлік белсенділік арта түседі. Туған-туыстармен тығыз қарым-қатынас жасауға да қолайлы. Тек қалтаңыздағы қаражатқа мұқият болған жөн.

Сұқұйғыш

Жаңа бастамаларды қолға алып, тұрмыстық мәселені шешуге қолайлы апта. Бұл күндері сапарға шығу керек болса, жолда барынша сақтық танытыңыз. Сауда-саттық пен мансап баспалдағымен жоғары өрлеу үшін ең сәтті күндер – бейсенбі-жұма.

Балық

Қаржылық мәселені шешуде асығыстыққа бой алдырмаңыз. Бейсенбі мен жұма – жаңа бастама және маңызды адамдармен кездесу ұйымдастыруға арналған күндер. Ал, сауда орын аралап, зат алуды сенбінің еншісіне қалдырған дұрыс.



Көзкеші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті. КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7742/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7742/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6848
Тапсырыс: 225